



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды туған күнімен құттықтап, бауырлас түрік халқының игілігі жолындағы жауапты мемлекеттік қызметінде толағай табысқа жете беруге тілектестік білдірді.

Әңгімелесу барысында мемлекеттер басшылары казак-түрік кеңейтілген стратегиялық серіктестігінің қарқыны жоғары екенін атап өтіп, екіжақты қарым-қатынасты одан әрі нығайту перспективасын талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған Рамазан айының қарсаңында екі елдің бауырлас халықтарына бейбітшілік пен бақ-береке тіледі.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті.

Жиында армияны жаңғырту және әскери инфрақұрылымды жетілдіру мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы Қарулы Күштерді одан әрі дамыту бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.



ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ӨСІМІН ЖАНДАНДЫРУ ҚАЖЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министр Олжас Бектеновті қабылдады.

Мемлекет басшысына еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы және Үкімет қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде баяндалды.

Президентке экономиканы әртарапандыру мен нақты сектордағы ауқымды бағдарламаларды қолдау арқылы ынталандыруға және инфрақұрылымды жаңғыртуға қатысты бұған дейін берген тапсырмаларының орындалу барысы таныстырылды. Сондай-ақ Премьер-Министр жылғы маусымды өткеру, көктемгі егіс жұмыстарына және су тасқынына қарсы дайындық шаралары туралы айтты.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа бизнесті дамыту және жеке инвестиция тарту үшін басқарудың заманауи цифрлық тәсілдерін енгізу бағытындағы Үкімет жұмысы жөнінде ақпарат берілді.

Кездесу соңында Президент Премьер-Министрге экономиканың қарқынды өсімін және әртарапандыруды қамтамасыз ету жұмыстарын жандандыруды тапсырды. Инфрақұрылымды жетілдіруге, энергетика мен коммуналдық шаруашылықты жаңғыртуға қатысты міндеттерді іске асыру мақсатында жүйелі шаралар қабылдаудың маңызын атап өтті.

ТАСҚЫН СУ: ҚАУІП ҚАЙДА ДЕМЕҢІЗ?!

Былырғы су тасқыны еліміз үшін үлкен сынақ болды. Биыл да қар аз емес. Түрлі аймақта су тасу қаупі бар. Ендеше тиісті құрылымдар не істеп жатыр, былырғы оқиғалардан қандай сабақ алдық, «Алаң» айдарында бірқатар маманға сұрақ қойдық.

1. Былырғы жылдан қандай сабақ алдық?
2. Су тасқынының алдын алуға дайындық қандай деңгейде?
3. Болашақта не істелуі керек?

→ 5



АКАДЕМИКТИҢ АМАНАТЫ

Тіл білімінің тарландары, Ұлттық ғылым академиясының академиктері Әбдуәли Қайдаров пен Рабиға Сыздықованың ғасырлық тойы былыр мемлекеттік деңгейде тойланса, биыл қазақ тіл білімінің дамуына зор үлес қосқан көрнекті түрколог-ғалым Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Шора Сарыбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай ғалымның ғылыми-шығармашылық мұрасын, тұлғалық қасиеттерінің тағылымын қалың көпшілікке таныту мен насихаттауды мақсат еткен іс-шаралар басталып кетті.

→ 6

ДИҚАНҒА ҚОЛДАУ, ШАРУАҒА КӨМЕК БЕРСЕ ИГІ

Көктемнің хабары білінісімен Жетісу диқандары әдеттегі тіршілігіне асыға кіріседі. Биыл да өңірдегі егінмен айналысатын шаруашылықтар қыр басында қызу жұмыс бастап жатыр. Ал аймақтағы ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабын 510,7 мың гектарға жеткізу жоспарланып отыр екен.

Облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, жоспар бойынша көктемде 247 мың гектар жер жыртылады, 127 мың гектар сүдігердің ылғалы жабылады, сонымен қатар 137 мың гектар өткен жылғы көпжылдық шөптер мен күздік дақылдар тырмаланады, жалпы 374 мың гектар жаздық дақылдар себіледі. Оған қажетті 52,1 мың тонна жаздық ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымы толық көлемде даярланған, оның 31,6 мың тоннасы дәнді дақылдар, 9,5 мың тоннасы майлы дақылдар, 0,6 мың тоннасы азықтық дақылдар және 10,4 мың тоннасы картоп тұқымы болмақ.

КӨШЕТТИҢ КӨПТІГІ ЕМЕС, КӨКТИГІ КЕРЕК



«Бір тал кессең, он тал ек» дейді қазақ даналығы. Бабадан балаға жеткен осынау өсиеттің өміршеңдігін жоймай, жылда көктем шыға көшет отырғызу науқаны басталатыны белгілі. Соңғы жылдары тіпті түрлі жобалар жанданып, қалалар мен ауыл-аймақтарды көріктендіріп, тал-дарақтарды отырғызуға қазынадан қыруар қаржы қаралуда. Алайда бюджеттен миллиондаған теңге бөлінгенімен, отырғызылған жас өскіндердің өспей қалуы жанға батып тұр.

→ 7



→ 7

27 АҚПАН 2025 | БЕЙСЕНБІ



АДАМИ КАПИТАЛ – ҒЫЛЫМИ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Алматыда өткен «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңды іске асыру мәселелеріне арналған дөңгелек үстелге қатысты. Іс-шара барысында осы саладағы ұлттық заңнамаға енгізілген түзетулер талқыланды. Сондай-ақ қатысушылар негізгі міндеттерді белгілеп, ғылымды дамыту, инновацияларды енгізу және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөнінде өз ұсыныстарын айтты. Сапар аясында палата Спикері қаладағы бірқатар ұйымның сарапшыларымен және еңбек жымдарымен де кездесті.

Дөңгелек үстелді ашқан Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының тапсырмасымен соңғы жылдарда ғылымды дамыту маңызды бағамдарға қолдауға арналған маңызды бастамалар іске асырылып жатқанын және ғылым саласында, оның ішінде заңнамалық деңгейде ауқымды әрі жүйелі өзгертулер қолға алынғанын тілге тиек етті. Сенат Төрағасы атап өткендей, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе беру саланың ілгерілеуіне, ғылыми экожүйені нығайтуға және ғылымдардың әлеуетін арттыруға жол ашқан маңызды қадам болды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елімізде ғылымды дамыту мәселесіне әрдайым баса мән беріп келеді. Шын мәнінде, бұл сала елімізді дамыту жолында стратегиялық маңызға ие. Сондықтан Мемлекет басшысы Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе берді. Бұл шешім отандық ғылымның ілгерілеуіне жана мүмкіндіктер бергені сөзсіз. Бүгінгі жиынға отандық ғалымдар қатысып отыр. Сіздер ұлттық ғылымды жетілдіруге, инновациялық жобаларды іске асыруға және зерттеушілердің жана буынын даярлауға зор еңбек сіңіріп жүрісіздер. Сол арқылы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және елдің қарқынды дамуына айтарлықтай үлес қосып келесіздер», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы ғылым Қазақстанның басты активтерінің бірі және ұлттық қауіпсіздіктің, экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік әл-ауқаттың маңызды элементі екенін айтты. Осыған байланысты ғалымдар мен сарапшылар қоғамдастығының, мемлекеттік органдардың, жұртшылық пен депутаттардың және басқа да мүдделі тараптардың күш-жігерін жұмылдыруды қажет ететін маңызды міндеттерге мән берілді.

Ғылымды дамыту және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі міндеттер мен ұсыныстарды талқылау барысында қатысушылар ғалымдарды әлеуметтік қолдау мәселесіне ерекше тоқталды. Мәулен Әшімбаев бұл ретте ғалымдар да өз тарапынан ғылыми зерттеулер елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етуі үшін аянып қалмауға тиіс екенін және жаһандық трендтер мен экономикалық стратегия ескерілуі кергін атап өтті. Нақты айтқанда, аграрлық ғылым, экология, су және ресурс үнемдеу, химия және мұнай-газ өнеркәсібіндегі шикізатты өңдеу, баламалы және атом энергетикасын дамыту сияқты салалар назарда болуға тиіс. Сондай-ақ жасанды интелект, биотехнология, заманауи медицина, гендік инженерия және ғарыш саласының рөлі мен болашағы да кеңінен сөз болды.

«Адами капитал – ғылыми дамудың негізі. Сондықтан ғалымдарды және ғылымдағы жас буынды жан-жақты қолдау үшін қажетті жағдай жасалып, жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Мем-

лекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымды қаржыландыруға үлкен көңіл бөліп отыр. Соның нәтижесінде соңғы төрт жылдың ішінде ғылымды қаржыландыру 3 есеге ұлғайды. Осы орайда мұндай жан-жақты қолдау ғалымдардың өздеріне де үлкен жауапкершілік жүктейтінін атап өткен жөн. Еліміздің сапалы дамуында ғылымның үлесін арттыру аса маңызды. Ғылым табысты болуы үшін ол экономикамен және қоғаммен сабақтасып отыруға тиіс. Сондықтан бүгінгі кездесуде айтылған идеялар мен ұсыныстар мұқият зерделеніп, Сенаттың алдағы заңнамалық қызметінде ескеріледі», – деді Сенат Төрағасы.

Іс-шараға Парламент депутаттары және Алматы қаласының басшылығымен қатар ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының мүшелері, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының ғалымдары, мемлекеттік органдардың қызметкерлері және басқа да мүдделі тараптар қатысты.

Мәулен Әшімбаев Алматы қаласындағы сарапшылар қоғамдастығының өкілдерімен де арнайы кездесті. Олармен өзара іс-қимылды нығайту палата үшін Мемлекет басшысының реформаларын сапалы іске асыруды қамтамасыз ету жолында айрықша рөл атқарады.

«Парламент пен аналитикалық қоғамдастық арасындағы сындарлы диалог жай ғана пікір алмасу емес, бұл – заң шығару процесін жақсартудың маңызды тетігі. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуының алдағы жылдарға арналған стратегиялық бағдарын белгілеп берді. Қазақстан заманауи технологияларды белсенді дамыту, инвестициялар тарту және әлемдік баға қалыптастыру тізбегіне қосылу арқылы бәсекеге қабілетті цифрлық экономиканы құруға тиіс. Бұл міндет бізден шешуші қадамдарды, түрлі дағдыға икемділікті, күрделі сын-кәтерлерге дайын болуды және елдің аналитикалық әлеуетін күшейтуді талап етеді», – деп Сенат Спикері осы бағыттағы маңызды міндеттерге тоқталып өтті.

Сапар барысында палата Төрағасы Абай атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған орта мектеп-интернатының құрылыс жұмыстарымен танысты және ҚР Президенті жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ғимаратына барды.

Сонымен қатар депутаттар пошта байланысына қатысты бұған дейін Сенат мақұлдаған заңның іске асырылуына мониторинг жүргізу аясында «Қазпошта» АҚ халықаралық мультимодальді логистикалық хабының ұжымымен кездесті. Алматы облысында жұмыс істеп тұрған қойма кешені электрондық сауданың өсуін арттыруды, сол арқылы өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту үшін бірегей мүмкіндіктер ашуды және Қазақстанның Орталық Азияның логистикалық хабы ретіндегі ұстанымын нығайтуды көздейді.

ЖАҢА ЗАҢ: ДАРЫНДЫ БАЛАҒА ДЕМЕУ БАР

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар мәдениет және білім беру мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдап, ТМД аясындағы халықаралық келісімді ратификациялады.



Мәдениет және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасына депутаттар бастамашы болды. Түзетулерді Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов таныстырды.

Депутат заң жобасында халықаралық ғылыми жоба байқауларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған оқушыларға және оларды конкурста дайындаған мұғалімдерге біржолғы төлемақы төлеу туралы норма қарастырылғанын айтты. Бұрын мұндай төлемдерді тек халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары алатын.

– Бұл норма Мемлекет басшысының дарынды балаларды қолдау жөніндегі тапсырмасын орындауға бағытталған. Бұл шара жастардың ғылыми әлеуетін дамыту және талантты оқушыларды ынталандыру үшін маңызды деп санаймыз, – деді Асхат Аймағамбетов.

Сонымен қатар оқушылардың еліміздің мәдени өміріне араласуын арттыру көзделіп отыр. Осы мақсатта мәдени ұйымдарға баруға мүмкіндік беретін «Ақылман» картасы енгізіледі. Шетелдік тәжірибеде де осындай бастамалар сәтті жүзеге асырылуда.

Тағы бір маңызды норма – университеттердің топтастыру жүйесін енгізу. Бұл ереже Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған бюджеттен университеттерге бөлінетін гранттардың құнын олардың білім беру сапасына байланысты анықтау туралы тапсырмасына орай енгізілген.

Заң жобасында жоғары оқу орындарының түлектерін қолдауға арналған нормалар да ұсынылған. Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған, сондай-ақ I топтағы мүгедек адамды бағып отырған жоғары оқу орындарының түлектерін оқуға арналған мемлекеттік грантты міндетті түрде өтеуден босату қарастырылған. Ал шетелдік жоғары оқу орындарының резидентура, магистратура, аспирантура және докторантура бағдарламаларын аяқтаған тұлғаларға міндетті жұмысты өтеуді кейінге шегеру мүмкіндігі беріледі.

Депутаттың айтуынша, мектепке дейінгі білім беру саласына да өзгерістер енгізіледі. Біріншіден, балабақша салуға берілген жер телімдерін жекеменшікке беруге тыйым салу. Бұл шара балабақшаларға арналған жерлерді сақтап, мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Екіншіден, алты жасқа толған және мектепке дейінгі дайындықты аяқтаған балалардың 31 шілдеге дейін балабақшада қалуына мүмкіндік беру.

Бұдан бөлек, түзетулерде мемлекеттік кітапханалардың қорын сақтау және кеңейту шаралары қарастырылған. Мемлекеттік кітапханаларға

ақылы негізде білім беру және мәдени іс-шараларды өткізу құқығы беріледі, бұл олардың қосымша қаржы тартуына жол ашады.

Заң жобасының маңызды бағыттарының бірі – жекеменшік білім беру ұйымдарына тұлғалардың есімін беру және оны өзгерту процесін ономастикалық комиссиямен келісу тәртібін енгізу. Сондай-ақ 10-11-сынып оқушылары үшін мектеп бағдарламасымен қатар сұранысқа ие мамандықтар бойынша кәсіби дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беру және басқа да нормалар ұсынылған.

Талқылау қорытындысы бойынша депутаттар заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады. Заң жобасын қарау Ринат Зайытов жетекшілік ететін жұмыс тобының отырыстарында жалғасады.

Сондай-ақ Мәжіліс 2023 жылғы 8 маусымда Сочи қаласында жасалған көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы, инвестициялар құру қызметі және оларды жүзеге асыру туралы келісімді ратификациялады. Оның негізгі мақсаты – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасында қызмет көрсету бойынша еркін сауда аймағын құру.

– Келісім ТМД-ға мүше мемлекеттердің қызмет берушілері үшін серіктестер нарығында неғұрлым тиімді шарттар ұсыну туралы міндеттемелерін бекітуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ТМД кеңістігінде неғұрлым қолайлы инвестициялық ахуал құрады, – деді А.Шаққалиев.

Министр келісімге Қазақстанның мемлекеттік сатып алулар, жер мәселелері, жер қойнауын пайдалану, табиғи монополиялар және жанартылатын энергия көздерін реттеу секілді мәселелер жатпайтынын айтты.

Келісімді ратификациялау Қазақстанның ТМД елдерімен сауда-экономикалық ынтымақтастығын кеңейтуге, отандық қызметтердің экспортын ынталандыруға, ТМД елдерінде филиалдарын ашу кезінде отандық кәсіпорындарға қолайлы жағдай жасауға және өзара инвестицияларды тарту мен қорғауға қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті жол саласын реформалау мәселелері бойынша заң жобасын жұмысқа қабылдады.

Жалпы отырыста Мәжіліс депутаты Руслан Берденовтің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесі қаралды. Respublica партиясы атынан Екатерина Смолякова Мәжілістің жана депутаты атанды. Ол Мәжіліс депутаты ретінде ант қабылдап, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі болып сайланды.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 20 депутаттық сауал жолдады. Олар Мәжілістің ресми сайты мен Telegram арнасында жарияланды.

ЖАСТАРҒА ПРЕЗИДЕНТТІК ӘДЕБИ СЫЙЛЫҚ БЕРІЛДІ

Биылғы Президенттік арнаулы әдеби сыйлықтың иегерлері белгілі болды. Мәдени шара Ұлттық музейде өтті. Жиынға Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева қатысты.

Бірқатар қазақстандық жас жазушылар мен акындарға Президенттік арнаулы әдеби сыйлық берілді. Олар: «Проза» номинациясы бойынша «2026» шығармасы үшін Есбол Социалханға, «Поэзия» номинациясы бойынша «Боз ұшқат» өлеңдер жинағы үшін Жәнібек Әлимановқа, «Драматургия» номинациясы бойынша «Апатай»

драмалық туындысы үшін Әлишер Айтуарға, «Балалар әдебиеті» номинациясы бойынша «Рокет Ера» повесі үшін Әсет Сыздықовқа берілді. Әдеби сыйлыққа 18-35 жас аралығындағы қаламгерлер бұрын халықаралық және ұлттық байқауларға қатыспаған туындыларын ұсынды. Еске сала кетейік, жас қазақстандық жазушылар мен акындарға арналған Президенттік әдеби сыйлық 2023 жылы Президент Жарлығымен тағайындалып, отандық әдебиет әлеміндегі маңызды оқиғалардың біріне айналған. Бұл сыйлықтың басты мақсаты – шығармашыл жастарды қолдау, жана туындылардың жарық көруіне жол ашу.



ЖОЛ КАРТАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРДІ

Қостанай облысының әкімдігі «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының Жол картасын іске асыру барысы туралы есеп берді. Есеп беру жиыны партияның Орталық аппаратында өтті.



Жиынға «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев, Партиялық бақылау комитетінің төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцев, Қостанай облысы әкімінің орынбасары Гүлбарам Мұсағазина және тағы басқалар қатысты.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Қостанай облысында 20 мыңға жуық жана жұмыс орны ашылды, ауыл шаруашылығы саласында жалпы сомасы 4,9 млрд теңге болатын 45 инвестициялық жоба, ал өнеркәсіп саласында 121 млрд теңгені құрайтын 28 ірі жоба іске асырылды.

Облыста Қостанай және Арқалық қалаларында, сондай-ақ Қостанай ауданына қарасты Заречный ауылында 4 мектеп пайдалануға берілді, 2 балабақша ашылды, 3 білім беру нысанына күрделі жөндеу жүргізілді. Бұдан бөлек, 21 денсаулық сақтау нысаны іске қосылды, 2 денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталды, Қарабалық ауданындағы Орталық стадион қайта жанартылды.

Сонымен қатар өңірде 1 100 шақырымнан астам автожол жөнделіп, 29 ауылға ауызсу жеткізілді, пайдаланылмаған 185,9 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. 497,8 мың шаршы метр тұрғын үй (5,1 мың пәтер) салынды, қалалар мен ауылдарға 1314 бейнебақылау камерасы орнатылды.

Атқарылған жұмыстарға қарамастан, жиында ерекше бақылауды қажет ететін мәселелер көтерілді. Партия хатшысы Ержан Жылқыбаев әкімдікті маңызды нысандардың мерзімінде аяқталмауы үшін қатаң сынға алды.

«Өткен жылы Қостанай облысы бүкіл елмен бірге алапат су тасқынын бастан өткерді. Мыңдаған адам зардап шекті. Су үйлерді, көпірлерді, жолдарды шайып кетті. Біз осы қайғылы жағдайдың қуәсі болдық. Алайда бір жыл өтсе де, жүйелі шешімдерді көрмей отырмыз. Мәселен, Қостанай қаласы аумағындағы Тобыл өзенінің арнасын тазалау, Қарасу ауданына қарасты Степное ауылындағы бөгетті қалпына келтіру жұмыстары әлі аяқталмаған. Мұндай маңызды мәселелерде мерзімнің кейінге шегерілуіне жол беруге болмайды», — деді ол.

Қостанай облысы әкімінің орынбасары Гүлбарам Мұсағазина кейбір нысандарда жұмыстар кезінде аяқталмағанын мойындап, әлі де жалғасып жатқанын айтты.

«Біз жауапкершілікті мойнымызға аламыз. Иә, мердігерлер мерзімді бұзды, кейбір нысандар бойынша қайта сараптама жүргізуге тура келді. Атап айтқанда, Степное ауылындағы бөгет биыл толық аяқталады, нысанның дайындық деңгейі қазірдің өзінде 70%-ды құрайды. Ал Тобыл өзенінің арнасын тазалау бойынша жұмысты 2025 жылға дейін ұзарту туралы қосымша келісім жасалды», — деді ол.

Партия хатшысы Ержан Жылқыбаев білім беру саласындағы мәселесі шешілмеген нысандарға да назар аударды. 2023 жылдан бері Қостанай қаласындағы екі мектептің құрылысы аяқталмаған. Оның бірі — «Құнай» шағын ауданында 900 орындық, екіншісі — «Береке» шағын ауданында 980 орындық мектеп.

«Егер бұл мектептер шалғай ауылдарда болса, логистика мен қашықтық мәселелерін көтеруге болар еді. Бірақ бұл — Қостанай қаласының өзінде салынып жатқан мектептер. Облыс орталығында тиісті бақылау болмаса, аудандарда не болып жатыр? Оның үстіне, 2024 жылдың қаңтарында «Құнай» шағын ауданында салынып жатқан мектептің спорт залының төбесі жартылай опырылып түсті. Қазіргі уақытта балалар мектепке бару үшін күн сайын 10 шақырымнан астам жол жүруге мәжбүр. Одан бөлек, олар мектептің шамадан тыс толып кетуіне байланысты тар жерде оқуға мәжбүр», — деді ол.

Бұл мәселеге қатысты Қостанай облысы әкімінің орынбасары Гүлбарам Мұсағазина «Береке» шағын ауданындағы мектепті салған мердігердің жауапсыздығын танытқанын, ал «Құнай» шағын ауданындағы мектепке техникалық тексеру жүргізіліп, қазіргі уақытта жобалық сараптама жасалып жатқанын мәлімдеді. Ол екі мектеп те биыл пайдалануға берілетінін айтты.

«AMANAT» партиясы жанындағы жұмыс тобы мен Партиялық бақылау комитетінің мүшелері сайлауалды бағдарламаның мерзімінде орындалмаған тармақтарын жеделдетудің маңыздылығына тоқталды. Оның ішінде өткен жылы тапсырылуы керек болған Қостанай қаласындағы өрт сөндіру депосы, Жігітқара ауданына қарасты Чайковское ауылындағы және Қарабалық ауданына қарасты Лесное мен Станционное ауылдарындағы су құбыры нысандары, Заречный ауылындағы емхана, Қарабалық ауданына қарасты Гурьяновка ауылындағы мектеп және басқа да жобалар бар.

Партиялық бақылау комитетінің төрағасы Павел Казанцев сайлауалды міндеттемелердің орындалуын қатаң бақылауға алуға талап етті.

«Су мәселесі, су тасқынының алдын алу, өрт қауіпсіздігі секілді салаларда сылтау болмауы керек. Мәселе — «неге болмады?» дегенде емес, «жағдайды түзету үшін не істелді?» дегенде. Халыққа түсініктеме емес, жұмыс істеп тұрған су құбырлары, таза өзендер және олардың үйлерін жана су тасқынынан қорғайтын дайын инфрақұрылым қажет», — деп атап өтті ол.

Жиын қорытындысы бойынша Қостанай облысы әкімдігі мен басқа да мемлекеттік органдарға бірқатар ұсыныстар берілді. Оның ішінде мердігер ұйымдарға бақылауды күшейту, қажет болған жағдайда жауапсыз мердігерлерді ауыстыру; сайлауалды бағдарламаның орындалу мерзімін кешіктірген кейбір басшылардың жеке жауапкершілігін қарастыру; жобаларды аяқтау үшін бюджеттен тыс инвестицияларды тарту жұмыстарын жеделдету ұсынылды.

«AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Мұрат Жолдыхожаев, партия филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы Берген Ержаппар және кеңес мүшелері мен бірқатар мәслихат депутаттарымен бірге ҚР ІІМ ҚАЖК «№54 мекеме» республикалық мемлекеттік мекемесіне барып, жұмыс барысымен танысты.

ТҮЗЕТУ МЕКЕМЕСІ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Кездесу барысында мекеме басшылығы түзету мекемесінің жұмысын егжей-тегжейлі баяндап, мекемеде жүргізіліп жатқан оң өзгерістер мен реформалар туралы мәлімет берді. Бұл жұмыстардың барлығы сотталған азаматтардың құқықтарын қорғауға және олардың қоғамға қайта бейімделуіне бағытталған.

Сондай-ақ түзету мекемесінде сотталған азаматтармен арнайы кездесу өтті. Жиынның негізгі мақсаты — сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін теріс салдарын түсіндіру, оның алдын алу және заңбұзушылықтардан аулақ болуға шақыру болды. Партия өкілдері бұл шараға қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мемлекет тарапынан жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын, бірақ қоғамның әрбір мүшесінің осы іске белсене қатысуы қажет екенін айтты.

Кездесу барысында Мұрат Жолдыхожаев пен Берген Ержаппар сот-

талған азаматтарға сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік және құқықтық салдарларын, оның қоғамдағы тұрақтылық пен әділеттілікке қаншалықты зиян келтіретінін түсіндірді. Олар сыбайлас жемқорлықтың елдің дамуына және әр азаматтың өмір сапасына тікелей әсер ететінін, сондықтан да осы құбылыспен күресудің маңызды екенін айтты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықтың қоғам үшін үлкен қауіп-қатер туындағын, мемлекеттік институттардың тиімділігін айтарлықтай төмендетінін бірнеше рет атап өткен болатын. Осы мәселемен күресті әрдайым кешенді түрде жүргізіп, оның алдын алуға бағытталған шараларды күшейтуді міндеттеді. Бүгінгі күні өтіп жатқан шарада Президенттің осы маңызды бастамаларын жүзеге асыруға бағытталған нақты кадам болып табылады.



Алматыда «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиын барысында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің активтерін мемлекет меншігіне қайтару мәселесі сөз болды.

БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Іс-шараға Кеңес мүшелері, мемлекеттік органдардың өкілдері, жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы, қоғам белсенділері және өңірдегі азаматтар қатысты.

Сөз басында Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров әділдікті қалпына келтіріп, сыбайлас жемқорлық әрекетіне қатысы бар азаматтарды жауапқа тарту қажет екенін жеткізді.

«Екі мыңыншы жылдардың басында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде мемлекеттің және осы оқу ордасының меншігі талан-таражға түсті. Атап айтқанда, университеттің 3 жатақ-

ханасы, 5 лабораториялық ірі нысаны және 6 гектар жері белгісіз бір себептермен жеке адамдардың қолына өтіп кетті. Мұның артында сыбайлас жемқорлық әрекеті тұрғаны анық. Бүгінде «AMANAT» партиясының атсалысуымен Бас прокуратураның және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлері осы мәселемен айналысып жатыр. Әрине, осы жылдар аралығында меншіктер екінші, үшінші, төртінші қолға өтіп кетті. Соған қарамастан, әділдік қалпына келуі керек. Балаларымыздың аузынан жырып алынған барлық ырыздықты қайтаруымыз қажет. Бұған жол берген

азаматтар құқықтық жауапкершілікке тартылуға тиіс», — деді Ерлан Саиров.

Өз кезегінде, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сотқа дейінгі тергеу қызметі басшысының орынбасары Қуандық Рашит университет нысандарын жеке қолға беруге қатысты заңбұзушылық фактілеріне тоқталды.

«Агенттік былтырдан бері осы оқу ордасының мүліктерін жеке тұлғаларға сату деректері бойынша тергеу амалдарын жүргізіп келеді. Қазіргі уақытта тиісті сараптамалар жасалууда. Құзыретті органдардың мамандарымен бірге аталған меншіктер жеке тұлғаларға қандай

жолмен беріліп, нендей заңбұзушылық жасалғаны тексеріліп жатыр. Осы фактілер бойынша тергеу амалдары қолға алынды. Бұдан басқа да нысандарға қатысты тергеу жүргізілуде», — деді Қуандық Рашит.

Бұл ретте Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті ректорының бірінші орынбасары Пірімқұл Ибрагимов аталған білім ордасы тергеу амалдарын жүргізуге жан-жақты атсалысып жатқанын жеткізді.

«Өздеріңізге мәлім, елімізде 120-ға жуық жоғары оқу орны бар. Соның ішінде ұлттық дәрежедегі санаулы білім ордасының бірі — Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті. Бұл университеттің 96 жылдық тарихы бар екенін де білесіздер. Ауыл шаруашылығы саласына қажет мамандар даярлайтын бірден-бір білім ордасы да осы. Аграрлық саладағы білім мен ғылымның көшбасшысымыз. Соған қарамастан, бір кездері университет қабырғасында сыбайлас жемқорлық фактілері орын алды. Құзырлы органдар оның анық-қанығын әлі де зерттеп, зерделеп жатыр. Ал тергеу амалдарын жүргізуге қажет барлық материал университет тарапынан толық қамтамасыз етілді. Ең бастысы, Әділетті Қазақстанда әділетті университет құруымыз керек», — деді Пірімқұл Ибрагимов.

Ал Алматы қаласының басқарма прокуроры Азат Тұрғанбек аталған білім ордасындағы заңсыз әрекеттерді анықтау жұмысына тоқталды.

«Кейінгі екі жылда Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің активтерін мемлекет меншігіне қайтару бағытында қарқынды жұмыс жүргізіліп жатыр. Яғни, 2023 жылы Бас прокуратураның тапсырмасына сәйкес, Алматы қаласының прокуратурасы осы университетте тексеру жүргізген болатын. Соның нәтижесінде, осы білім ордасына тиесілі жылжымайтын мүліктерді заңсыз иеліктен шығару фактілері анықталды. Біз бұл фактіні арнайы есепке алу кітап-

шасына тіркедік. Кейін осы іс бойынша ары қарай тексеріс жүргізіліп, процесстік шешім қабылдау үшін құжаттар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментіне жолданды. Бүгінде «Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану» бабы бойынша іс қозғалып, тергеу амалдары жүргізілуде. Тиісінше, осы істің бүге-шігесі анықталып, нақты тәртіптік шешім қабылданады», — деді Азат Тұрғанбек.

Осы орайда Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті «Агрономия, селекция, биотехнология» кафедрасының профессоры Тастанбек Атақұлов бір кездері аталған білім ордасында орын алған заңсыздықтарды айтты.

«1967 жылы осы білім ордасының қабырғасын алғаш студент болып аттаған едім. Сол уақыттан бері бұл кара шаңырақтан бір елі ажыраған жоқпын. Табан аудармай, азды-көпті 58 жыл еңбек етіп келемін. Бүгін айтылып жатқан барлық заңсыз әрекет көз алдыма жасалды. Бәрін білемін. Алайда бізбен ешкім ақылдасып жатқан жоқ. Қолдан келер қайран болмады. Біртіндеп оқу корпусымыздан да, жатақханамыздан да айырыла бастадық. Жеке адамдардың еншісінде кетті. Бір кездері Сәтбаев, Фурманов (қазіргі Назарбаев), Абай, Красина (қазіргі Уәлиханов) көшелері қиылысатын тұстағы шаршы жер толық Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетіне тиесілі еді. Бір емес, екі бірдей денешынықтыру залымыз болды. Соның бәрі біртіндеп жеке адамдардың иелігіне өтуде», — деді Тастанбек Атақұлов.

Жиынды қорытындылай келе, Кеңес төрағасы Ерлан Саиров бір кездері білім ордасына тиесілі болған жылжымайтын мүліктерді міндетті түрде қайтару қажет екенін жеткізді. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасын таба береді.

КӨКЕЙКЕСТІ

27 АҚПАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

Ресей космонавтикасы 2024 жылы антирекорд орнатты: бір жылда бірде-бір «Протон-М» ауыр сыныпты әмбебап зымыран-тасығышын ұшырмады. Ту биіктен у төгетін «протондарды» «Байқоңырдан» ұшыруды тоқтатуды талап еткен белсенділердің көктен іздегені жерден табылды. Ол ол ма, ресейлік сарапшылар егер РФ пен АҚШ жақындасса, Америка билігінің бейресми бишігін ұстаған Илон Маск өзіне бәсеке «Байқоңырды» жауып тастауға табандайды деп болжады.

А Елдос СЕНБАЙ

«ПРОТОН» ТАРИХ
КОЙНАУЫНА АТТАНА МА?

Мәскеу «Байқоңыр» ғарыш айлағын Байқоңыр қаласымен, іргесіндегі аумақтарымен, сондай-ақ зымыран-тасығыштардың (ЗТ) сынықтары құлайтын жер учаскелерін 2050 жылға дейін жалға алды. Алайда ресейлік ақпарат құралдары тіпті «Роскосмостағы» дереккөздеріне дейін сілтеме жасап, «Байқоңыр» ғарыш айлағын мерзімінен бұрын жабу, тиісінше арендадан бас тарту мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Негіз жоқ емес. Мысалы, 2024 жылы тарихта болмаған жағдай тіркелді: Ресейдің өз территориясындағы космодромдарынан ұшырған ЗТ саны алғаш рет «Байқоңырдан» ұшырғанынан асып түсті! Атап айтқанда, былтыр Қазақстандағы «Байқоңырдан» Союз-2.16 зымыран-тасығыштарының 8 данасы көк сөңгіріне самғады. Ал РФ-тағы «Плесецк» пен «Восточныйдан» Союз-2.16/Фрегат, Ангара-А5, Ангара-1.2/АМ зымыран-тасығыштарының 9-ы орбитаға жол тартты.

Солтүстік көрші биылғы тұңғыш ұшырылымын да өз жерінен жүзеге асырды. 2025 жылғы 5 ақпанда Союз-2.1в/Волга ЗТ-сы «Плесецк» айлағынан аспандап, Ресей әуе-ғарыш күштерінің әскери мақсаттағы ғарыш аппараттарын диттеген жеріне жеткізді. «Роскосмос» осы жылы «Байқоңырдан» 10 ЗТ ұшыруды жоспарлап отыр. Оның орындалатынына ресейлік сарапшылар сенбейді. Осының дәлеліндей, РФ-тің аталған ғарыш қызметі жөніндегі мемлекеттік корпорациясы соның 8-інші нақты ұшыру күнін ғана жоспарлай алды. Қалғанына әзірге сұраныс та, коммерциялық тапсырыс та жоқ.

Биыл Мәскеу қазақ жерінен бірнеше Союз-2.1а және жалғыз Союз-5 ЗТ-сын ғарышқа аттандыруды жоспарлап қойды. Сондай-ақ «Роскосмос» жыл соңына қарай мүмкіндік болса, 2 «Протонды» ұшыруды үмітті. Өйткені корпорацияның анонимді өкілдері «протондарсыз» «Байқоңырға» деген ешқандай қажеттілік болмайтынын айта бастады.

Кенес кезінен бері көнерген және терең модернизацияласыз болашақта жұмысқа жарамсыз болып қалатын «Байқоңыр» ғарыш айлағын жаңа «Байтерек» айлағы ауыстыруға тиіс еді. Алайда оны іске қосу мерзімі тоқтаусыз кері ысырылып келеді. Биыл да Қазақстан мен Ресей «Байтерек» кешені жобасын қайта қарауға кірісті. Мәжіліс депутаттары тиісті екіжақты келісімді ратификациялайтын заң жобасын жұмысқа қабылдап алды. 2023 жылы Мәскеуде әзірленген құжатта жаңа ғарыш кешеніндегі сынақтарды 2025 жылға шегеру қарастырылған, әйткенмен, межелі уақыт жетті. Екі елдің парламенттері мен үкіметтері ратификациялық рәсімдерді аяқтағанша жыл да түгесілуі мүмкін.

Құжат – «2004 жылғы 22 желтоқсандағы ҚР Үкіметі мен РФ Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Байтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңының жобасы деп аталады. «АМАНАТ» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Айдос Сарымның түсіндіруінше, бұл келісімнің басты мақсаты – ұшу сынақтарының басталу мерзімдерін 2023 жылдан 2025 жылға ауыстыру. Сондай-ақ жобаны жүзеге асыратын «Байтерек» бірлескен кәсіпорны Қазақстаннан салық бойынша мол преференциялар сұрап отыр. Бұл өтініш осы заңмен қанағаттандырылады.

– Бұл кешенді жылына екіден енді үш зымыран-тасығыш ұшыруға дейін жүктеу

ҒАРЫШ НЕГЕ ҚАЗАҚҚА АЛЫС БОЛЫП БАРАДЫ?



арқилы Ресей тарапының міндеттемелерін ұлғайту бөлігінде өзгерістер енгізіледі. Келісімнің тағы бір мақсаты «Байқоңыр» ғарыш айлағының болашағын қамтамасыз ету, сол жердегі қазақ азаматтарының құқықтарын қамтамасыз ету, – деді А.Сарым. Оның түсіндіруінше, Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті депутаттардың құптауымен бұл құжатты жұмысқа қабылдап алды. Содан кейін тиісті қорытындыларды әзірлеп, заң жобасын Мәжіліс отырыстарының бірінде қарауға ұсынады.

«БАЙТЕРЕК»
«ӨСПЕЙ-АҚ» ҚОЙДЫ

«Байтерек» – «Байқоңыр» ғарыш айлағы аумағында Қазақстан мен Ресей сонау 2004 жылдан бері бірлесіп құрып жатқан ғарыштық зымыран кешені. Сақалды құрылысқа бірер жылдан соң ширек ғасыр толады. Оған байлыққа шалқыған арабтарды немесе іргедегі алпауыт Қытайды инвестор ретінде тарту идеясы жүзеге аспады. Бұл алып жобадан серіктес Ресей басын алып қаша бастады. Қазіргі кезде «Байтеректі» Қазақстан жалғыз салып жатыр. РФ тарапы тек одан ұшырылатын зымыран-тасығышты жасап, жабдыкпен қамтамасыз етеді. Қазақстан тарапы кешен құрылысын қаржыландырады және қолданыстағы «Зенит-М» жердегі кешенін модернизациялауға тиіс.

О баста «Байтерек» ұлы гептил отынын пайдаланатын «Протонды» ұшыратын «Байқоңырға» балама ретінде қолға алынды. Сондықтан жаңа зымыран кешенінен экологиялық таза, жаңа «Ангара А5П» зымыран-тасығыштарын ұшыру жоспарланды. Бірақ артына Ресей өз территориясындағы жаңа «Восточный» ғарыш кешенінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру

үшін «Ангара» ЗТ-ларын тек қана содан ұшыруға шешім қабылдады. Мұның сыртында ресейлік жаңа зымыран-тасығыштың құны бастапқы бағасынан 7 еседен көп жоғарылап кетті. Тиісінше, бұл «Байтерек» жобасының қатты қымбаттауына, қазақстандық бюджет шығынының артуына соқтыратын еді.

Содан Қазақстан амалсыз, XXI ғасырдың бірінші онжылдығы тәмамдалар шақта жаңа ғарыш кешенінің жобасын Зенит ЗТ-ларын пайдалануға қайта бағдарлады. Себебі «Байтерек» айлағы әуелден, кенес кезінен «Байқоңырдың» дәл осы зымыран-тасығыш түрін ұшыруға арналған №45 алаңының базасында құрылған-тын. Мұнда да кілтпапн туындады: Зенит – украиналық зымыран жасау өнеркәсібінің өнімі.

Ізінше, 2014 жылы Ресей мен Украина арасында бірінші қарулы қақтығыстар басталды. Киев Мәскеу қатысытын және РФ әуе-ғарыш күштеріне де қызмет етуі мүмкін бұл жобаға өз ЗТ-сын беруден және оларға қызмет көрсетуден бас тартты. Сол жылы «Байтерек» жобасы тоқталды. Серіктестер балама іздеуге кірісті. Сөйтіп, 2017 жылы екіжақты келісімге кезекті рет өзгерістер енгізіліп, жоба кенес заманынан қалған орта сыныптағы «Союз-5» зымыран-тасығыштарына қайта негізделді. Атауының өзі Кенес одағын елестететін бұл ғарыш аппараттарын жаңғырту барысында «Ертіс» немесе «Сұңқар» деп қайта атау туралы ұсыныс қарастырылды. Тіпті, мақұлданып, әлі күнге құжаттарда «Союз-5» термині қолданылады.

Олардың ұшу сынақтарын 2022 жылы бастау жоспарланған еді. Алайда сол жылғы ақпанда РФ әскері Украинаға баса-көктей кіріп, кең ауқымды соғыс басталғаны мәлім. Мәскеу модернизацияланған «союздарды» 2023 жылы жеткізуге уәде

етіп, келісім түзетілді. Көршінің бүкіл ғарыш және әскери-өнеркәсіптік кешені соғысқа қызмет етіп жатқандықтан, бұл мерзім де сақталмады, 2025 жылға әрі ысыруға шешім қабылданды. Биыл «Байтеректе» алғашқы зымыран-тасығышты сынақтық ұшырудың жүзеге асырылатынына еш кепілдік жоқ.

Сонымен бір мезгілде, Ресей 2023 жылы Қазақстан аумағындағы жаңа ғарыш кешенінен ғарышкерлерді ұшырудан бас тартты. Соның салдарынан, тіпті «Байтерек» іске қосылғанын өзінде одан ғарышқа тек жүктер жолданады.

БІР ҮМІТ, БІР КҮДІК

«Байтерек» ғарыш кешеніндегі жұмыстарды 2028 жылғы мамырда толық аяқтап, тұрақты ЗТ ұшыруға көшу міндеті қойылған.

«Байтеректен» ғарышкерлер ұшпайды. Ең ірі табыс көзі де солар болатын. Бір ғарышкерді ұшыру орта есеппен 20 миллион доллардай тұратын.

Егер 2025 жыл түгесілгенше, «союздардың» осы алаңнан ұшу сынақтары басталмаса, бұл мерзім де бұзылады.

«Ұлы отынмен ұшатын «Протондарсыз» және украиналық «Зенитерсіз» Қазақстандағы ғарыш айлағы ешкімге де керек емес. Жаңа заманда бәрі ақшаға тіреледі. Ресей де, Қазақстан да бюджет үнемдеуге көшті. Келісім бойынша РФ «Байтерек» үшін зымыран-тасығыштар мен жабдыктарды жеткізуге міндеттеме алды, Қазақстан өз есебінен ғарыш айлағының жердегі инфрақұрылымын түзеді. 2024–2027 жылдары Қазақстан бұл жобаға жыл сайын 4 миллиард рубль (шамамен 21 млрд теңге) шығын шығаруға мәжбүр болады. Мұнда шығынды талап ететін және өзін коммерциялық тұрғыдан ақтамайтын бұл жобадан Ресей мен Қазақстан бас тартуы мүмкін», – деп жазады «Новые Известия» газеті.

Қазақстан 2025–2027 жылдары республикалық бюджеттен «Байтерек» жобасының құрылысына 63 миллиард теңге бөледі жоспарлады. Ресейлік басылым Илон Масктың арзан әрі бірнеше рет пайдаланылатын Falcon 9 зымырандары мен SpaceX компаниясына «Байқоңыр» мен «Байтерек» бәсекелестік құра алмайтынын дәйектеді.

Ғарыш саласының сарапшысы, популяризаторы Виталий Егоровтың пайымдауынша, жаңа «Байтерек» кешені салынбай

жатып ескіріп қалды. Біріншіден, оның қуат-әлеуеті жылына 6–8 ЗТ ұшыруға ғана жетеді. Демек, әрбір ұшыру құны аса қымбат болады, тиісінше клиенттерден жоғары ақы сұралады. Оның қасында мысалы, жерсеріктерін Масктың ғарыш кемелерімен жеткізу әлдеқайда арзанға түспек.

Екіншіден, «Байтеректен» ғарышкерлер ұшпайды. Ең ірі табыс көзі де солар болатын. Бір ғарышкерді ұшыру орта есеппен 20 миллион доллардай тұратын. Үшіншіден, қазақстандық жаңа ғарыш кешені ауыр және әмбебап емес, тек қана орта сыныптағы, аз жүк алып ұшатын ғарыш кемелерін орбитаға жолдай алады. Төртіншіден, РФ жаңғыртып жатқан «Союз-5» – бір реттік пайдаланылатын (одноразовый) зымыран-тасығыш болады. Яғни, оның концепциясы да көнерді.

Салыстырсақ, Масктың екі сатыдан тұратын Falcon 9 зымыраны 2024 жылы рекорд орнатты: оның жерге оралатын бірінші сатысы осымен 20-шы рет кері қайтып, арнайы платформаға қонды. Жалпы алғанда, SpaceX 2025 жылғы қаңтарда өз зымырандарының бірінші сатыларының Жерге сау оралуының 400-ші дерегін атап өтті. Ал ресейлік зымырандардың бірінші сатысы болса, пайдаланылған соң қазақ жеріне қауіпті сынақтар болып жауады. SpaceX ғарыштық экономиканы жалғыз-ақ құрып жатыр. Ол бүгінде әрбір 2–3 күн сайын бір ЗТ ұшырады. Жылына 8 ЗТ ұшырып жүрген РФ космодромы шан қауып қалды.

– Ресей космонавтикасы тапсырыс берушілерден айырмалы, шетелдік клиентсіз қалды. Оның қызметіне бүгінде негізінен РФ Қорғаныс министрлігі жүгінді. «Роскосмос» бұрынғыдан бүкіл Батыс әлемінің тапсырысынан мол табыс табатын. Тұрақты тапсырыс берушілері арасында Еуропа, Америка, Таяу Шығыс елдері, Жапония, Корея болды. 2022 жылдан кейін олардың бәрі бас тартып, өзге ғарыш корпорацияларымен ұзақмерзімді шарт бекітіп алды, – дейді В.Егоров.

2021 жылы «Роскосмосқа» 23 ғарыш ұшырылымына Ұлыбритания мен Корея компаниялары тапсырыс беріпті. 2022 жылы жалғыз шетелдік клиент болды, бұл – Ангола. Былтырғы 2024 жылы және биыл бірде бір шетелдік тапсырыс беруші-

сі жоқ. Ғарыш саласының сарапшысы «Байтерекке» үміт артпайды, өйткені жобаны жүзеге асыруға жауапты «Байтерек» Қазақстан – Ресей бірлескен кәсіпорны» АҚ бас кенесі Мәскеуде емес, Астанда орналасқан. Тапсырыс берушілерге ғарыштық ұшырылымдар бойынша контракт бекіту үшін осының өзі жеткілікті болуы мүмкін. Тек ұшырылым бағасы шошынтыпаса?! «Байтерек» БК» АҚ басқарма төрағасы, ғарышкер Айдын Айымбетов қос мемлекеттің бұл жобадан бас тартпайтынын білдірді. Ғарыш кешенін заманауи жүйелерге сәйкестендіріп жаңғырту жұмыстары жалғасты. Тапсырыс болса, кешеннің жылына 6–8 зымыран ұшыруға мүмкіндігі бар. Ресей тарапы былтыр өзі жауап беретін жабдыктарын жеткізе бастады.

«Байтерек» кешені – Қазақстан мен Ресей жаңа тарихындағы «ең ірі бірлескен жоба». Сондықтан ол екі мемлекет басшыларының ерекше бақылауында екен. 2024 жылы оны іске асыруға 14,7 млрд теңге бағытталыпты. «Байтерек» жобасы үшін мамандар оқытылып жатыр. Себебі ғарыш аппараттарын сәтті ұшыру үшін білікті маман керек. Ресейдің өзінде кадр жетіспейді. Қалай болғанда да жаңалығы ғарыштық жылдамдықпен жарысқан жаңа заманда озық технологиялары кем ғарыш кешенінің жобасы бәрібір «жолайырықта» тұрғаны байқалады.

ТАРТЫСҚА ТОЛЫ ТУРНИР

Биылғы 17–20 ақпан аралығында Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кубогы үшін волейболдан өткен турнирде Шекара академиясының құрама командасы жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанды.



Үш күнге созылған жарыс тартысты өтті. Ұлттық қауіпсіздік комитеті ұйымдастырған сайысқа бас-аяғы 24 команда қатысып, 200-ден астам спортшы өнер көрсетті. Ойын кезінде ала допты алақанында ойнататын шекарашылар талай байрақты бәсекеде бақ сынап жүрген кіл мықтылардан құралған болатын. Олардың құрамында М.Рамазанов, А.Сидоренко, С.Абдинуров, В.Исаев, Б.Малкайдаров, А.Асхатов, Д.Асхатов, А.Пришепа, Д.Бекбаев, И.Бычко бар.

«Баласы бөйеге шапса, анасы үйде отырып тақымын қысады» демекші, әріптестерінің әр қимылын жіті бақылап отырған Шекара академиясының профессорлық-оқытушылық құрамы мен №3 оқу дивизионы курсанттары ойын біткенше тікесінен тік тұрып, шапалақ ұрып қолдау көрсетті. Шекара академиясының әнұранын шырқап, ойыншыларға рухтық қолдау көрсете білді.

Қалай айтсақ та, өзара бақ сынасқан спорт сандақтарының жарысы жоғары

денгейде өтті. Іс-шараның басты мақсаты да салауатты өмір салтын насихаттап, әр облыста орналасқан Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департамент қызметкерлері шеберлігін шыңдау еді.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ұжымы ұйымдастырған волейбол жарысынан Шекара академиясының құрама командасы І орын, Солтүстік Қазақстан облысынан ат терлетіп келген команда ІІ орын, өздеріне қатты сенім артып келген Павлодар облысынан келген команда ойыншылары ІІІ орынға тұрақталды. Жаспы ойын өрнектерін көрсеткен ойыншыларына ҰҚК Төрағасының орынбасары генерал-майор А.Наймантаев әртүрлі номинация бойынша мақтау грамоталары мен сыйлықтар табыстады.

Жанат КАБЫРБЕКОВ,
ҚР ҰҚК Шекара академиясының
баспасөз хатшысы

ТАСҚЫН СУ: ҚАУІП ҚАЙДА ДЕМЕҢІЗ?!

Былырғы су тасқыны еліміз үшін үлкен сынақ болды. Биыл да қар аз емес. Түрлі аймақта су тасу қаупі бар. Ендеше тиісті құрылымдар не істеп жатыр, былтырғы оқиғалардан қандай сабақ алдық, «Алаң» айдарында бірқатар маманға сұрақ қойдық.

1. Былырғы жылдан қандай сабақ алдық?
2. Су тасқынының алдын алуға дайындық қандай деңгейде?
3. Болашақта не істелуі керек?

А Нұрлан ҚОСАЙ

1. БЫЛТЫРҒЫ ЖЫЛДАН ҚАНДАЙ САБАҚ АЛДЫҚ?

Әлдар ЖУМАҒАЗИЕВ,
«AMANAT» партиясының хатшысы:



— Еліміз былтыр көктемгі су тасу маусымында өте күрделі жағдайды бастан кешкені рас. Бұрын тек бір-бір өңірде төтенше жағдай болатын болса, 2024 жылы көптеген облыс су астында қалды.

Соның ішінде Атырау облысы ерекше күрделі жағдаймен бетпе-бет келді. Әрине, жергілікті халық үшін су тасу — бейтаныс дүние емес. Жылда Жайық арнасынан таситындықтан оны дайындықпен күтеді. Ол — бөлек, Қиғаш, Жем өзендері бар. Бірақ дәл осындай деңгейдегі апатты шын мәнінде күткен жоқ. Оған дауын болмағанымыз рас, оны мойындауымыз керек. Оған ең бірінші себеп, Жайық жағалауында бұрынғы Кенес кезінде қалыптасқан ирригациялық жүйенің кейінгі жылдары дымы қалмай жүйеленіп кеткені. Кезінде өзен бойында көптеген дамба, каналдар болатын. Солар ұзақ жылдар қарасыз қалып, опырылып құлап, табаны толып, жер бедерімен бірдей боп тегістеліп кетті. Отыз жылдан бері Жайық дәл бұлай тасмағандықтан, олардың қажеті болмады да, әкімдік ол жерлердің бәрін жер учаскесі ретінде беріп, оған халық үй салып тастады. Сондықтан да қауіпті жағдай туды. Өзім осы өңірдің тумасы болғандықтан, өңірдің жағдайын жақсы білем.

Сол кездегі ең басты міндет — кінәліні іздеу емес, тізе қосып табиғи апатқа қарсы тұру болды. Соған байланысты біздің партия әдеттегідей күрделі кезеңде барлық өңірде бір кісіді атсалысып, жергілікті халыққа көмек көрсетті. Мәселен, Атырау қаласы бойынша 100 шақырымдай учаскенің 21,2 шақырымы «AMANAT» партиясы өз жауапкершілігіне алған болатын. Мені сол жұмыстарға басшылық етуге жіберді. Облыстық әкімдік Жайық өзенінің бойын 103 тегізде бөген екен. Ол тегізде өзеннің су тасып, шайып кетеді-ау деген осал тұстарын ескере отырып бөлінген. Соның 7 учаскесінде «AMANAT» партиясы жұмыс істеді. Олар — Заросль, Еркінқала, Көк-арна, Алмалы сияқты тағы да басқа тұрғын үй алаптарының маңдары. Бұл максатта бізге «Халық» қоры қаржылай қолдау көрсетті. Осы жерлерге жалпы ұзындығы 21,2 шақырым бөген жасалу керек болса, күнделікті 170 техника жұмыс істеп, 1,5 мың адам жұмылдырылды. Бөген салу жұмыстарынан бөлек осынау көп адамды ішер аспен, көлікпен, тағы да басқа қажеттіліктермен қамтамасыз ету жұмыстарын атқардық.

Көрсеткен сабағы, кемшілігі дегенге келсек — жергілікті атқарушы органдардың, соның ішінде аудан, ауыл әкімдерінің қолында көп құзыреттілік жоқ екеніне көз жетті. Мәселен, материалдық-техникалық ресурстары жеткіліксіз екенін көрдік. Көп ауыл өз тарапынан көптеген мәселені шеше алмады. Халық жұмылып, кәсіпкерлер, кәсіпорындар көмектесіп, тығырықтан шыға алдық деуге болады. Бұл тұста жергілікті жерлерде ұйымшылдық өте жоғары болды. Соны атап айта кету керек. Бөген салу жұмыстарына ешкім халықты мәжбүрлі түрде жұртпағанын бәріміз де біліп отырмыз. Олар өздері ынта-тілек танытып, сол жерлерде күн-түн демей жұмыс істеді. Ол, әрине, өздері үшін де болар, бірақ облыстың өзеннен алыс су шаймайтын жерлерінен де келіп көмек көрсеткендердің қарасы көп болды. Басқа өңірлерден келген қаншама еріктілер, қарапайым тұрғындар жүрді. Бірде түннің он екілер шамасында өзін Дамба тұрғын үй алабының тұсында бір топ жігіттерге барып, хал сұрап, қандай көмек керек екенін сұрағанында, олар қарақалпақ ұлтының өкілдері болып шықты. Көрші мемлекеттен келіп, сонда құрылыста, базарда, шаруашылықтарда жұмыс істеп жүрген қарапайым азаматтар екен. Түрі бізге қатты ұқсайды ғой, оның үстіне көпшілігі беттерін бүркеп алған, басында мән берген жоқпын, өздері келіп әдейі айтты: «Аға, біз Қарақалпақстаннан келген адамдармыз, осы жердің нанан жеп, суын ішіп жүргенімізге 15 жыл болды. Сондықтан қалыс қалып тура алмадық. Абырой ортақ қой, сізге кім екенімізді ескертіп қояйық



дегенбіз» дейді. Ризашылығымызды білдіріп, Қазақстан халқының атынан алғысымызды айттым. Бірге суретке түстік. Одан да өзге күн-түн демей, бел жазбай көмектескен халықтың қарасы қалың болды.

Осы ретте менің беретін бағам — былтырғы қиынғы кезде халқымыз өзінің ұйымшылдығын, ауызбірлігін таныта алды. Қатты таң қалғанымыз, Жайық өзенінің жағасына 220 шақырым бөгенді тұрғызу халықтың өзінің күш-құлшынын танытумен жүзеге асты. Кәсіпкерлер көмектесті, мекемелер көмектесті. Бір жақсы жері Атырау облысында ірі мекемелердің саны көп қой. Десе де, ұйымдастырушылық тұстарда Үкіметтің өзі араласуына тура келді. Мәселен, бастапқыда Құлсарыда техника жетпей жатты. Сол кезде Премьер-Министрдің орынбасары Канат Бозымбаев өңірге сапармен келіп, сол кісі шешім қабылдап, Атыраудағы көптеген техниканы Құлсарыға жіберті. Осы сияқты көптеген тұстарда жедел ден қойып, шұғыл шешімдер қабылдауға тура келді.

Әсет ЖЫЛҚАЙДАРОВ,
ТЖМ Төтенше жағдайлардың алдын алу комитеті төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы:



— 2024 жылғы су тасқыны кезеңінің қорытындысы бойынша тиісті қорытындылар жасалды. ТЖМ ықтимал су тасқынына инфрақұрылымды дайындау үшін жергілікті атқарушы және мүдделі мемлекеттік органдармен тығыз өзара іс-қимыл жасайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Министрліктің қарамағында Төтенше жағдайлардың алдын алу комитеті құрылды. Ол табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылайды.

10 ақпаннан бастап Ішкі істер министрлігі, «Казгидромет», «Казсушар», «Казавтожол» және «Қазақстан Ғарыш Сапары» мамандарын тарта отырып, Министрліктің су тасқынына қарсы жедел штабы тәулік бойы жұмыс істейді. Осыған ұқсас штабтар өңірлерде де бар.

Бұған дейін 2024 жылғы су тасқыны кезеңі аяқталғаннан кейін жергілікті атқарушы органдар ТЖМ аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп, су тасқыны қаупі бар елді мекендер мен учаскелердің тізбесіне түзету және нақтылау жүргізілген болатын. Соның нәтижесінде елімізде су басу қаупі бар аймақтарда 1 223 елді мекен бар екені нысықталды. Соған сәйкес, өңірлерде су тасқынына қарсы мынанан астам іс-шара іске асырылды. Елді мекендерді қорғау үшін 576 шақырым қорғаныш бөгеттері мен біліктері салынды. 164 шақырым дренаж жүйесі жөндеді және салынды, автомобиль және теміржолдардың астына 960 су өткізу құрылыстары орнатылып, бірқатар ауыстырылды, 658 шақырым канал мен арық қазылды, 74 өзеннің қауіпті учаскесінде шамамен бес жүз шақырым тереңдету мен жағалауды нығайту жұмыстары жүргізілді. Елді мекендердің ішінде жаңбыр мен дренаж жүйелері жөнделіп, салынууда. Сондай-ақ елді мекендерден қар шығару үшін қауіпсіз полигондар алдын ала анықталып, белгіленді.

2. СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАНДАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Әлдар ЖУМАҒАЗИЕВ,
«AMANAT» партиясының хатшысы:

— Биыл да менің ойымша, жақсы деңгейдегі жұмыстар атқарылып жатыр. Қазір өңірлік жөнестерде облыстық мәслихаттардың тарапынан, сол жерлердегі Төтенше жағдайлар министрлігі өкілдіктерінің тарапынан су тасқынына қарсы күреске қатысты көптеген жұмыс атқарылууда. Оны вице-премьер Канат Алдабергеновты былтырдан бері өзі басқарып әрбір облысқа барып, қарап жүр. Мұны

ДЕРЕКТЕР:

- 2024 жылы су тасқынына байланысты еліміздің 10 облысында төтенше жағдай жарияланды.
- 120 мыңнан астам адам эвакуацияланды.
- 3 554 жеке тұрғын үй, 794 аула аумақтары, 42 көпқабатты тұрғын үй, 18 227 саяжай үйлері, 97 әртүрлі максаттағы ғимарат су астында қалды.
- 8 мыңға жуық мал қырылды.
- Тасқын әкелген материалдық шығын 300 млрд теңгеден асты.
- Қайта қалпына келтіру жұмыстарына 400 млрд теңгеге жуық қаржы жұмсалды.
- Елімізде 1 223 елді мекен су басу қаупі бар аймақта орналасқан.

жаналықтардан бәріміз де көріп отырмыз. Мен тек Атырау облысында атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқтала кетейін. Өйткені былтыр ең күрделі ахуал сонда болды ғой. Облыс әкімінің мәліметтеріне қарасак, Жылыой, Махамбет аудандарында, Құлсары, Атырау қалаларында осы уақытқа дейін көптеген жұмыс атқарылған екен. Жылыой ауданында Камыскөл көлінің жағалауы нығайтылып, Жем өзенінің арнасы 23 шақырым және Құсай каналы 35 шақырым бойы тереңдетілген. Махамбет ауданында Жайық өзенінің Махамбет ауылы тұсындағы 4,5 шақырым жері бекітіліп, Махамбет және Сарытоғай ауылдары арасындағы көпірдің құрылысы аяқталыпты.

Атырау қаласы маңындағы Талғайран, Ақжар және Еркінқала ауылдарында қорғаныс бөгеттері салынып жатыр. Алмалы ауылында «Сарыөзек» каналының бойындағы 5,6 шақырым бөгеттер нығайтылып, Жайық өзенінің бойында ұзындығы 2,5 шақырым жана жағалау бекіткіштері салынып жатыр.

Жайық өзені, Соколок каналы мен Каспий теңізі арасындағы негізгі буын саналатын Гоголь каналын тазарту және кенейту жұмыстары жалғасуда. Қазір жалпы ұзындығы 30 шақырым, ені 18 метр және тереңдігі 2 метр каналдың түбін тереңдету жұмыстары жүргізіліп жатса, бүгінгі күні ұзындығы 9,5 шақырым учаскедегі жұмыстар аяқталыпты. Одан да басқа атқарылып жатқан жұмыстар аз емес болар, бірақ менің көңіліме қонғаны — бұрынғы ирригациялық жүйелер қайта қалпына келтіріле бастаған.

Енді қазіргі алдымызда тұрған сын — былтырғы болған келенсіздіктерді қайталамау деп санаймын. 2024 жылғы күрделі ахуал бізге сабақ болу керек. Соған байланысты қандай шаралар қолданылды? Қаражат бөлінді ме? Техника алынды ма? Себебі менің өзімнің басымнан өткен нәрсе, былтыр топырақ салып, бөген тұрғызып қапшықтардың өзін таба алмай қалған жағдай болған. Күніне 15-20 мың қаптан топырақ, бөген салынып жатты. Оны Атырауда Алматыдан алдырдық, арғы жағы Қытайдан келді. Ол қымбаттап кетті, көптеген делдал ортадан килікті. Сонда ел басына күн туғанда, содан пайда көріп қалғысы келген адамдар бар екенін көрдік. Жасыратын ештенесі жоқ, бір самосвал топырақ өкелудің бағасы да өсіп кетті. Ол, әрине, дұрыс емес! Екіншіден, жанар-жағармай, техника жетіспеушілігі мәселесі. Атырауда ірілі-кішілі мұнай мекемелері, кәсіпкерлер көмектескен болар, бірақ басқа облыстарда ол қатты сезілді. Жұмыс істеп жатқан 120 көлікке күніне бензин немесе ди-зель отыны керек болды. Жанар-жағармай бірде бар, бірде жоқ болғандықтан, бастапқыда техникалар тұрып қалып, жұмыстар кідіріңкіреп қалып жатты. Осының барлығына бізге «Халық» қоры үлкен көмек көрсетті. Олар 90 тонна дизельдік отын, 200 мың қап алып берді. Күніне танертен бір көлікке 100-150 литрден беріліп тұрды. Бастапқыда кәсіпорны, мекемелер берген 120 техника азық етті, кейіннен 50 шақты жекеменшік техниканы тарттық. Сол кезде азаматтар қолма қол есеп айырысқанды қалап отырды. Барлығын шұғыл істеу керек, алдын ала келісім болмағандықтан олардың құжаттарын реттеу де уақыт алыды. Міне, осындайда алдын ала алгоритмнің жоғын түсінді.

Әсет ЖЫЛҚАЙДАРОВ, ТЖМ

Төтенше жағдайлардың алдын алу комитеті төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы:

— Төтенше жағдайлар министрлігі ел өңірлеріндегі 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстарын қарқынды түрде жалғастыруда. Кешенді іс-шаралар шеңберінде халықты және инфрақұрылымды көктемде өзендердің арнасынан асуына байланысты қауіптерден қорғауға бағытталған көптеген іс-шара жүзеге асырылууда. Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі негізгі іс-шаралар орталық және жергілікті атқарушы органдарға жүктелген. Су тасқынына қарсы іс-шаралар республикалық және өңірлік бағдарламалық құжаттармен іске асырылады. Осы іс-шараларды іске асыру су басу қаупін барынша азайтуға және елді мекендерді су тасқыны қаупінен қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Табиғи құбылыстың ықтимал салдарын болдырмау мақсатында жергілікті атқарушы органдар Төтенше жағдайлар департаменттерімен бірлесіп қорғаныс бөгеттері мен біліктерін тұрғызу және нығайту, су бұру арналары мен арықтарды құру, сондай-ақ жана нөсер жүйелері мен су өткізу құрылыстарын салу жөніндегі жұмыстарды жүргізу. Осы шаралардың барлығы су тасқынынан қорғау үшін сенімді инфрақұрылым құруға бағытталған.

Бүгінде өңірлерде су тасқыны қаупін барынша азайту республикалық және өңірлік бағдарламалық құжаттармен іске асырылууда. Олар — әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспарлары және Өңірлерді дамыту жоспарлары, су тасқыны кезеңіне дайындық жөніндегі инженерлік жұмыстардың өңірлік жоспарлары. Бұдан басқа ТЖМ қызмет-

кезеңіне дайындық жұмыстарын қарқынды түрде жалғастыруда. Кешенді іс-шаралар шеңберінде халықты және инфрақұрылымды көктемде өзендердің арнасынан асуына байланысты қауіптерден қорғауға бағытталған көптеген іс-шара жүзеге асырылууда. Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі негізгі іс-шаралар орталық және жергілікті атқарушы органдарға жүктелген. Су тасқынына қарсы іс-шаралар республикалық және өңірлік бағдарламалық құжаттармен іске асырылады. Осы іс-шараларды іске асыру су басу қаупін барынша азайтуға және елді мекендерді су тасқыны қаупінен қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Табиғи құбылыстың ықтимал салдарын болдырмау мақсатында жергілікті атқарушы органдар Төтенше жағдайлар департаменттерімен бірлесіп қорғаныс бөгеттері мен біліктерін тұрғызу және нығайту, су бұру арналары мен арықтарды құру, сондай-ақ жана нөсер жүйелері мен су өткізу құрылыстарын салу жөніндегі жұмыстарды жүргізу. Осы шаралардың барлығы су тасқынынан қорғау үшін сенімді инфрақұрылым құруға бағытталған.

Бүгінде өңірлерде су тасқыны қаупін барынша азайту республикалық және өңірлік бағдарламалық құжаттармен іске асырылууда. Олар — әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспарлары және Өңірлерді дамыту жоспарлары, су тасқыны кезеңіне дайындық жөніндегі инженерлік жұмыстардың өңірлік жоспарлары. Бұдан басқа ТЖМ қызмет-

кезеңіне дайындық жұмыстарын қарқынды түрде жалғастыруда. Кешенді іс-шаралар шеңберінде халықты және инфрақұрылымды көктемде өзендердің арнасынан асуына байланысты қауіптерден қорғауға бағытталған көптеген іс-шара жүзеге асырылууда. Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі негізгі іс-шаралар орталық және жергілікті атқарушы органдарға жүктелген. Су тасқынына қарсы іс-шаралар республикалық және өңірлік бағдарламалық құжаттармен іске асырылады. Осы іс-шараларды іске асыру су басу қаупін барынша азайтуға және елді мекендерді су тасқыны қаупінен қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Табиғи құбылыстың ықтимал салдарын болдырмау мақсатында жергілікті атқарушы органдар Төтенше жағдайлар департаменттерімен бірлесіп қорғаныс бөгеттері мен біліктерін тұрғызу және нығайту, су бұру арналары мен арықтарды құру, сондай-ақ жана нөсер жүйелері мен су өткізу құрылыстарын салу жөніндегі жұмыстарды жүргізу. Осы шаралардың барлығы су тасқынынан қорғау үшін сенімді инфрақұрылым құруға бағытталған.

Бүгінде өңірлерде су тасқыны қаупін барынша азайту республикалық және өңірлік бағдарламалық құжаттармен іске асырылууда. Олар — әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспарлары және Өңірлерді дамыту жоспарлары, су тасқыны кезеңіне дайындық жөніндегі инженерлік жұмыстардың өңірлік жоспарлары. Бұдан басқа ТЖМ қызмет-

кезеңіне дайындық жұмыстарын қарқынды түрде жалғастыруда. Кешенді іс-шаралар шеңберінде халықты және инфрақұрылымды көктемде өзендердің арнасынан асуына байланысты қауіптерден қорғауға бағытталған көптеген іс-шара жүзеге асырылууда. Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі негізгі іс-шаралар орталық және жергілікті атқарушы органдарға жүктелген. Су тасқынына қарсы іс-шаралар республикалық және өңірлік бағдарламалық құжаттармен іске асырылады. Осы іс-шараларды іске асыру су басу қаупін барынша азайтуға және елді мекендерді су тасқыны қаупінен қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Табиғи құбылыстың ықтимал салдарын болдырмау мақсатында жергілікті атқарушы органдар Төтенше жағдайлар департаменттерімен бірлесіп қорғаныс бөгеттері мен біліктерін тұрғызу және нығайту, су бұру арналары мен арықтарды құру, сондай-ақ жана нөсер жүйелері мен су өткізу құрылыстарын салу жөніндегі жұмыстарды жүргізу. Осы шаралардың барлығы су тасқынынан қорғау үшін сенімді инфрақұрылым құруға бағытталған.

Бүгінде өңірлерде су тасқыны қаупін барынша азайту республикалық және өңірлік бағдарламалық құжаттармен іске асырылууда. Олар — әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспарлары және Өңірлерді дамыту жоспарлары, су тасқыны кезеңіне дайындық жөніндегі инженерлік жұмыстардың өңірлік жоспарлары. Бұдан басқа ТЖМ қызмет-

3. БОЛАШАҚТА НЕ ІСТЕЛУІ КЕРЕК?

Әлдар ЖУМАҒАЗИЕВ,
«AMANAT» партиясының хатшысы:

— Менің бала кезім Геолог деген ауылда өтті. Өзеннің мына басы Дамба деген ауыл, мына басы біз. Сонда 1983-жылдар Жайық қатты толды. Сол лық етсе екі ауылды да алып кететін еді, сол кезде өзеннің мөлтідіп толып тұрғанын білемін. Бірақ былтырғысы одан да зор су. Секундына 2 900 текше метр болып ақты. Енді «табиғатта сулы цикл, қуан цикл болып бөлінетін уақыттар болады» дейді ғалымдар, сол айтқандай, бұл



«Былырғыдай техника жетпеу, құрал-саймандар жетіспеушілігі, жанар-жағармай тапшылығы болмау қажет. Барлығы алдын ала дайындалып, қаржысы да, басқасы да түгел бөлініп, артығымен дайын тұруға тиіс.»

Қазақстанда 80-жылдан бері болып тұрған су тасуы екен. Ендеше, табиғаттың осы ерекшелігі бізде стратегиялық деңгейде басылыққа алыну керек. Елді мекендерді құру, жерге орналастыру мәселесінде бір-інші кезекте ескерілуі қажет.

Екіншіден, өр өзеннің жағасында саға көп. Кенес кезінде қолдан жасалған ирригациялық жүйелер бар. Солар сақталу керек. Ой жерлерге үй салуға тыйым салынуға тиі. Бұрынғы ирригациялық жүйелер қалпына келтірілуі керек. Мысалы, Жайықтың жағасында Нарын деген канал бар еді. Содан ешқандай саға қалмаған.

Үшіншіден, былтырғыдай техника жетпеу, құрал-саймандар жетіспеушілігі, жанар-жағармай тапшылығы болмау қажет. Барлығы алдын ала дайындалып, қаржысы да, басқасы да түгел бөлініп, артығымен дайын тұруға тиіс. Жоғары тұрған басылық келіп араласып, «қолмен басқару» сынды әрекеттер болмау қажет.

Төртіншіден, сөз басында айтып кеткенімдей, ауыл-аудан әкімдерінде төтенше жағдайға қарсы көп құзырет жоқ. Ол су тасқыны ма, өрт шару ма, басқа ма, қай-қайсысында да ең жақын жердегі ауылда немесе ауданда заңнама деңгейінде шешім қабылдайтын мүмкіндіктер болу керек. Техникасы, құрал-саймандары, адам күшін беру қажет. Өйткені олар төтенше жағдай кезінде орталыққа хабарлап, олардан көмек күтіп отырады да, уақыт жоғалтады. Мұны біз бұрнағы жылдары орман өрті кезінде көрдік. Сондықтан да табиғи апаттар қауіпті аймақтарда орналасқан ауылдардың әкімдеріне материалдық-техникалық, заңнамалық мүмкіндіктер беру керек.

Әрине, атқарылған шаруалар аз емес, алда да қыруар мақсат-міндеттер тұр. Былырғы жағдай биыл да қайталануы мүмкін, сондықтан босануға болмайды. Су тасқыны, дала өрті, сел жүру сынды елді мекендерге қауіп төндіретін табиғи апаттарға тек маусымдық көзқараспен қарауға болмайды.



Ғалымжан КАМБАРБЕКОВ,
Су ресурстары және ирригация министрлігінің сарапшысы:

— Былыр біздің министрлік су қоймалары мен басқа да гидротехникалық нысандарды жаңғырту және жөндеу бойынша ауқымды 20 жобаны іске асырды. Мәселен, Ақтөбе су қоймасына 36 жылда алғаш рет реконструкция жасалды. Бүгінде қойманың сыйымдылығы 245 млн текше метрге жетті. Батыс Қазақстан облысында соңғы 58 жылда бірінші рет Қирысу су қоймасы жөндеді. Бұдан бөлек, 74 шақырым суару каналы қалпына келтірілді. Атырау облысында 41 жылда алғаш рет ұзындығы 74 шақырым болатын «Ақсай» каналы жөндеді. Ал Астана су қоймасын реконструкциялау үшін жобалау-металдық құжаттама әзірленуде. Шығыс Қазақстан облысында Қандысу өзеніндегі су қоймасын қайта жаңғыртуға дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

ПАРАСАТ

27 АҚПАН 2025 | БЕЙСЕНБІ



АКАДЕМИКТИҢ АМАНАТЫ

Тіл білімінің тарландары, Ұлттық ғылым академиясының академиктері Әбдуәли Қайдаров пен Рабиға Сыздықованың ғасырлық тойы былтыр мемлекеттік деңгейде тойланса, биыл қазақ тіл білімінің дамуына зор үлес қосқан көрнекті түрколог-ғалым Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Шора Сарыбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай ғалымның ғылыми-шығармашылық мұрасын, тұлғалық қасиеттерінің тағылымын қалың көпшілікке таныту мен насихаттауды мақсат еткен іс-шаралар басталып кетті.

Академик мұрасын, әсіресе өскелең ұрпақ арасында насихаттайтын онлайн форматта әлеуметтік желілер арқылы Шора Сарыбаевтың мерейтойына орай «Кел, сөз маржанын жинайық!» атты республикалық байқау өтетіндігі бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарияланып, байқау шарттары баяндалғаны белгілі болды.

Сондай-ақ Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы директорлар кеңесінің мүшелері құрамына енген қазақстандық делегация Ташкент шаһарында Қазақстан мен Өзбекстан тіл білімі ғылымдарының қатысуымен өтетін халықаралық конференцияның алғашқы ұйымдастыру іс-шаралары талқыланып, академик Ш. Сарыбаевтың Ташкент қаласында дүниеге келгені ескере отырып, қабылданған ортақ шешімге сәйкес, оның ғылыми мұрасын насихаттау және диалектология, аймақтық лексикография, тіл тарихы, салыстырмалы лингвистика салаларына назар аудару мақсатында қазақ, өзбек және қарақалпақ тілдері мамандарының өзекті тақырыптар жайында баяндамалары тыңдалатын ғылыми шара екі бауырлас елдің ғалымдарының бір-бірімен жүздесіп, ақпарат бөлісіп, тың салаларда біріккен жобаларды талқылауды көздейтін тілге тиек етілген-ді. Ғылыми іс-шара Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Ташкент қаласындағы Әлішер Навои атындағы Өзбек тілі мен әдебиеті мемлекеттік университеті ұйымдастыруымен, әрі Қазақстанның Өзбекстандағы елшілігін қолдауымен 14 сәуірде өтетін белгілі болды.

Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтанымдық мектептер» тұрақты лингвистикалық алаңы аясында академик Ш. Сарыбаев мұрасының білім беру, ғылыми зерттеушілік салалардағы қолданысын кеңейтіп, тереңдетуді көздейтін Ғылыми-практикалық дөңгелек үстел академиктің туған күніне арнайы ұйымдастырып, 2025 жылы 5 наурызда өтетіндігі, қазан айында Алматыда Түркология Конгресі ұйымдастырып, ғалым шығармаларының толық жинағы жарық көретіндігін де көзі қаракты оқырмандар назарына сала кеткенді жөн көрдік.

Пайым-парасаты мол, адамдық пен адалдық сияқты қасиетті өн бойына сыйдырған, өмірі өнегелі ғалымның атқарған ерен еңбегі, қол жеткізген табыстары туралы сөз қозғасақ, алдымен ойға келетіні оның бай ана тіліміздің өткені мен бүгінгісін егжей-тегжейлі зерттеп, қазақ тіл білімі аталатын іргелі ғылымның ілгері дамуына зор үлес қосқаны еске түседі. Ғалымның қаламынан шыққан 300-ден астам ғылыми мақала, оның ішінде 20 шақты монографиямен оқулық соған дәлел. Оның еңбектері қазақ тілінің өзекті салаларына, атап айтқанда, қазақ тілі тарихы диалектология, лексикология, лексикография, грамматика сияқты көкейкесті мәселелерге арналған. Ұстазымыз күшін сарп етіп зерттеген екі саланың бірі – диалектология болса, екіншісі – тіл білімі тарихы. Сөз байлығының жергілікті қазынасын зерттеу үшін, қазақ даласын көп жыл бойы суығына тонып, ыстығына күйіп, ел-жұртымыздың сөз жиһазын қалт жібермей парақ бетіне түсіріп, білген-түйгенін ғылым әлеміне танытқан

көрнекті ғалым еңбегін мақтан тұтамыз. Айталық, «Қазақтың аймақтық лексикографиясы» атты еңбегі түркітану ғылымында аймақтық лексикография теориясына арналған алғашқы монография. Ол әлемдік деңгейде өткен халықаралық конференцияларға, симпозиумдар мен форумдарға қатысып, «Диалектілік лексикографияның талас мәселелері», «Тіл мәдениеті және жергілікті ерекшеліктер», «Диалектілік терминология», «Түркі тілдерінің аймақтық лексикографиясы» сияқты тақырыптарда баяндама жасап, әлемдік түрколог ғалымдардың назарын өзіне аударған еді. «Қазақ диалектологиясы» атты тұңғыш оқулықтың жарық көруіне атсалысып, авторларының бірі болды. Қазақ және түркі тілдерінің диалектологиялық атласын жасауға белсенді түрде қатысып, көпжылдық еңбегінің жемісі ретінде академик Ш. Сарыбаевтың басшылығымен әрі редакторлығымен жарық көрген «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі» қазақ тіл біліміне қосылған сүбелі үлесі саналады. Ерекше екпін түсіре айтатыны, саналы ғұмырының жетпіс жылға жуық уақытын қазақ тіл білімінің тарихын зерделеуге арнағаны. «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» атты кітабының алты томын жариялау барысында, бір ғасырға жуық мерзімде жарық көрген

лық, ұқыптылық сияқты тамаша қасиеттердің бәрі Шамғали ақсақалдан ауысқан-ау деп ойлаймыз» дей келе, академиктер Әбдуәли Қайдаров пен Әмірзақ Айтбаев «Тіл білімі бойынша көрсеткіш жасау деген сөз – күн сайын шығып жатқан ірілі-уақты зерттеулердің бірде-бірін қалт жібермей қадағалап отыру, оларды хаттап қағазға түсіру, алфавиттік, хронологиялық, тақырыптық, салалық тәртібі бойынша жылдар бойы тәптіштеп жинап, жүйелеп, кітап етіп бастырып, оқырман қауымға сыйлау – бұл бұрын-соңды қазақ тіл білімі тарихында кездесе бермеген ғылыми ерлік» деп берген бағалары ғылыми жұртшылықтың да ортақ пікірі деуге әбден болады.

«Қазақ диалектологиясы» оқулығымен сусындаған тілші-филологтар еліміздің түкпір-түкпіріндегі білім ошақтарында туған тіліміздегі жергілікті ерекшеліктердің әдеби тіліміздің әлеуетін арттыруға қандай ықпал ететіндігін түсіндіруде алдына жан салмайтындығына сенім мол.

Негізінен, көпшілік Шора Шамғалиұлын қайраткер-ғалымдығымен қатар, сегіз қырлы, бір сырлы өмірі өнегеге толы тұлға деп те таниды. Шөкен жайлы аңызға айналған өңгіме де жетерлік. Әріптестері, жора-жолдастары оның ерекше қасиеттерін жыр қылып айтып

жарық көрген материалдарды жинап, жүйеге түсіреді, нәтижесінде 100-ден астам футбол туралы альбом жасап, үш кітап, футбол күнтізбелерін басып шығарумен қатар, мыңдаған футболға қатысты тесбелгілер мен доп белгіленген спорт киімдерін, «Қайрат» командасының аға-буын өкілдерінің қолы қойылған доптарды жинаумен айналысқанын біреу білсе, біреуі білмес. Ал ұстаз жастарды патриоттық тәрбиеге баулуға, отаншылдық рухта тәрбиелеуде спорттың алар орнын ерекше футболдан ұлттық мұражай ашу керектігін, оған қойылатын заттарға өзінің де үлес қосатынын айтып отыратын еді.

Өзгелерге өнеге болатын тағы бір қасиеті – қарапайымдылығы. Мерейтойларды өткізуде Шөкеннің ұстанымы ерекше еді. 70, 80, 90 жылдық тойларын әлдекімдер сияқты аста-төк той өткізіп, ел аралап, шапан киіп, елді дүрліктірмей-ақ өзі бітірген Алматыдағы №12 казак орта мектебі оқушыларына Абай атындағы опера және балет театрында қойылатын «Біржан-Сара» операсына жеке қаражаты есебінен билет сатып алып береді. «Токсанға келдім екен деп жұрттан шапан киінен төр осы бір тірлігім қариялыққа жарасады-ау деп ойлаймын» деген академиктің ісі баршамызға үлгі-өнеге болуы керек деген пікірдеміз.

Шора Шамғалиұлының өзгеше қасиеттерінің қатарына әсем әзілқойлылығын, сезімтал серектігін, орынды ойын-қалжың отырысының асабайлығын қосар едім. Бір қарағанда, атағы дардай академиктің әрқашан той-домалақтардың төрінен табылып, жастармен жарысып, жасының тоқсанның төріне көтерілгеніне қарамастан би алаңдарының көркін қыздырып, бірнеше халықтың әнінен попури орындағаны кеше ғана сияқты еді. Ұстазым ылғи да «Адам күліп жүру керек, күлкі адамның көңіл-күйін көтереді, әрі өмірді ұзартады. Күлкі болғанда да жарасымды күлкі ғана жаныңды жадыратады. Күлудің түрі осы екен деп, неге болса соған ыржақ-лақтай беруге тағы болмайды» деп ақылдан айтушы еді. «Күлкі – өмірдің мүлкі» дегенді алға тартып, Шөкен 2 000-нан астам анекдот жинақталған кітабын жариялауды жоспарлап еді. Аман не, оған үлгермеді...

Диалектология дарабозы, библиография білгірі, сөз сарапшысы, термин тілекшісі, футбол фанаты, коллекция корифейі, күлкі королі сияқты сан қырларын сөз еткен мақаламды еліне етене жақын Егемен Қазақстан газеті академик Шора Сарыбаевтың тоқсан жасқа толған мерейтойына арнайы жариялаған еді. Сол мақалама ұстазымыздың қиғартты ғұмырының жалғаса беруін тілеп, Алла сәтін салса ол туралы «Ғасырдан ұзақ ғұмыр» атты мақала жазсам деген ниетім бар екенін де тілге тиеп етіп едім. Аман қанша, ғылыми жұртшылық тоқсан бес жасқа қараған шағында көрнекті ғалыммен қоштасқан еді...

Қазақта «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген ұлағатты сөз бар. Шөкеннің «Қазақ елінің, қазақ тілінің келешегі қазіргі бұлдіршіңдердің қолында, солардың тағдыр-талайымен тікелей байланысты. Осы күндері балабақшаларда тәрбиеленіп жатқан балдырғандар қазақша сөйлесе, қазақша тәрбиеленсе, келер ғасырда да қазақ халқы өмір сүреді. Ұрпақ жалғастығы үзілмейді» деген таспаға түскен ғалым хаты – балабақшалардағы қазақ балаларын, кекілі мен тұлмын жүйбіреген немерелерімізді ана тілімен сусындатуы аманат еткендей көрінеді маған.

Туған тілінің мәртебесін биіктетіп, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту жолында аянбай атсалысқан тілші, академиктің ел игілігі, жақсылығы мен бақыты жолындағы өрелі істері, ұрпағына өмірі өнеге болатын тұғырлы тұлғалық келбеті ел есінде сақталатыны сөзсіз.

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, академик

том-томдаған кітаптарды, шаң басқан мұрағаттардан ашып, мерзімді баспасөзде жарияланған мақалаларды, монографиялық еңбектерді екшеп, оны картотекаға түсіріп, жүйелеп кітап етіп шығарып, көпшілікке ұсынуы – оқымыстылар тарапынан ерекше бағаланды.

Шора Шамғалиұлының еңбегіне шолу жасағанда, терминология мәселесін айтпай кетуге болмайды. Терминология бойынша даулы мәселелер төңірегінде, атап айтқанда, терминдерді қолдануда бірізділіктің болмауы, халықаралық терминдердің қазақша баламасын беру-

жүреді. Алғашқы ойға оралатыны, ғалымның коллекциялық өнерге құштарлығы. Ұлы Шокан Уәлиханов бастаған коллекциялық өнерді Сарыбаев әулетінде Шөкен бас болып дамытқанын жұртшылық жақсы біледі. Бұл туралы кезінде бұқаралық ақпарат құралдарында жазылып, теледидардан көрсетілген болатын. Ғалымның соңында мыңға тарта тәсбелгілер, медальдар, ескі монеталар, ақшалар коллекциясы қалды. Сондай-ақ аурулардың салалары сараланып, бір жүйеге жинақталған мыңға тарта халық емшілігі туралы папкалар жиналған. Егер сіз



Пайым-парасаты мол, адамдық пен адалдық сияқты қасиетті өн бойына сыйдырған, өмірі өнегелі ғалымның атқарған ерен еңбегі, қол жеткізген табыстары туралы сөз қозғасақ, алдымен ойға келетіні оның бай ана тіліміздің өткені мен бүгінгісін егжей-тегжейлі зерттеп, қазақ тіл білімі аталатын іргелі ғылымның ілгері дамуына зор үлес қосқаны еске түседі

дегі ұстанымдардың әртүрлілігі, халықаралық терминдердің қазақша баламасын берудегі олқылықтар жөнінде ақпарат құралдарында және Мемлекеттік терминология комиссиясында ой-пікірін ашық айтатын.

Шора Шамғалиұлының қатардағы аспиранттан Ұлттық ғылым академиясының академигі деңгейіне жетуі – біз аз-кем сөз еткен еңбектердің жемісі. Ғалымның еліміздің белгілі жоғары оқу орындарында профессор ретінде дәріс оқуы – көптеген тілші мамандығын менгерген түлектердің қазақ тіл білімінің қыр-сырымен танысуына мүмкіндік бергенін айтуға болады.

«Шөкеннің «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» атты бұғінде алты том шығып, ғалымдар, студенттер, аспиранттар қолында жүрген (7-8 томдары баспаға дайындалып жатқан), осынау бір елден ерекше істеген еңбегін еске алғанда, біз өмірде сирек кездесетін оның бойындағы жинаушылық, жүйелеушілік, табынды-

ауруының ем-домын білгіңіз келсе, реттілікпен тізілген картотекадан оны ойландырып көзге асырып, Шөкеннің жинаған коллекцияларынан әркім ауруының емін тауып, нәтижесінде құлан-таза жазылып кеткендерге талай куә болған едік. Сонымен қатар «Ұлы адамдар мұражайы» сериясымен дайындалған материалдардың Ш. Уәлихановқа қатыстыларын өзі білім алған Алматыдағы №12 мектепке тапсырған болатын. Қазір бұл мұражай жас жеткіншектердің ұлы ғалым туралы қосымша мәлімет алуына мүмкіндік тудырып отыр.

Сондай-ақ Шөкеннің футболға құштарлығын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Өткен ғасырдың 60-жылдардың екінші жартысында спорттың бұл түрі – футболға деген көпшіліктің көңілі ауған кезі болатын. Жастар «Қайрат» футбол командасындағы ағаларына еліктеп, солар сияқты атакты футболшы болуды армандайтын. Шөкеннің ғылыми жұмыстан қолы қалт еткенде «Қайрат» командасы туралы газет-журналдарда

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алу ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алу өкілі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабының ашық конкурс негізінде Университетімізге қарасты «Студенттер асханасы» орталығының 2025 жылға қажетті азық-түлік өнімдеріне қайта сатып алу өткізу.

Сатып алу нұсқаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап, тапсырыс берушінің өтінімі негізінде (күндік, апталық, айлық) қажетті азық-түлік өнімдерін жеткізуге міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұрауымыз:

1. Өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нұсқаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы соңғы 3 жылдық тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, электрондық шот фактура, жүк құжат)
3. Өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;

4. Өнім берушінің сапа сәйкестігін тексеру мақсатында жеткізілетін азық-түлік өнімдерінің сертификаттары мен сапа сәйкестігі және т.б., құжаттарын өткізуге тиіс.

5. Өнім берушінің ҚКС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚКС қарастыру керек.

6. Өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы.

7. Өнім беруші баға ұсынысында, ресми түрде базар орталығы әкімшілерінің азық-түліктерге ұсынған бағаларынан, пайыз түрінде шартты жеңілдік ұсынуы қажет.

Сатып алынатын тиісті азық-түлік өнімдерінің тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады. Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 18.03.2025 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

АЙМАҚ

27 АҚПАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

30 ЖЫЛДЫҚ ҚАРАҒАНДЫДА БАСТАУ АЛДЫ

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясына – 30 жыл. Осы мерейтой қарсаңындағы іс-шараның бастауы Қарағандыда өтті. Сонымен қатар Достық үйінде «Адал азамат» жобасының жеңімпаздары марапатталды. Облыстың ҚХА «Ақсақалдар кеңесінің» бастамасымен өткен ерекше байқау Ассамблеяның 30 жылдығы мен Жұмысшы мандықтары жылына орайластырылды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құттықтау сөзінде Ақсақалдар кеңесінің дәстүрлерді сақтаудағы және жас ұрпақты тәрбиелеудегі ерекше рөлін атап өтті.

— Ассамблея өз қызметінің 30 жылы ішінде қоғамдық татулық пен ауызбіршілікті бекемдейтін негізгі институтқа айналды. ҚХА-ның барлық құрылымдары еліміздің әлеуметтік және қоғамдық дамуына айтулы үлес қосып келеді. Оның ішінде, «Ақсақалдар кеңесінің» рөлі өте зор. Себебі халқымыздың даналығы, ақыл-ойы мен тәжірибесі солардың бойларында тұнып тұр. Ақсақалдарымыз — тарихымыздың, негізгі генетикалық және этникалық қорымыздың сақтаушылары, — деген Ермағанбет Қабдулаулы шараға республиканың түпкір-түпкірінен тәжірибелерімен бөлісуге арнайы келген ақсақалдарға алғысын білдірді. Дөңгелек үстел барысында басты мақсаты өскелең ұрпақты патриоттық және рухани-адамгершілікке тәрбиелеу болып табылатын «Адал азамат» жобасының іске асырылуы талқыланды. Адалдық, әділдік, әлеуметтік жауапкершілік, Қазақстанның енебегі мен мәдени мұрасын құрметтеу қадір-қадірлері бірінін орында болуға тиіс.

Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей бұл кездесудің маңыздылығын атап өтті. Ол өңірде жүзден астам этнос бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатқанын айтты.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі, моральдық бағдарларды қалыптастырудағы және этносаралық келісімді нығайтудағы Ақсақалдар кеңесінің негізгі рөлін Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, ҚР ПӘ ҚХА Хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов атап өтті.

Мерейтойлық күнге және Жұмысшы кәсіптері жылына орай Ақсақалдар кеңесі «Адал азамат» жобасын ұсынды. Жеңімпаздар жеті номинация бойынша марапатталды. Лауреаттар — әртүрлі мамандық иелері, олар өздерінің күнделікті енебімен өңірдің және жалпы елдің дамуына елеулі үлес қосуда.

ҚХА төрағасының орынбасары, ҚР ПӘ ҚХА Хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов мерейтойлық жылда 400-ден астам ірі іс-шара жоспарланып отырғанын жеткізді.

— Бірлік пен еңбек — біздің қоғамымыздың гүлденуінің негізі. Бұл іс-шаралар адамдар арасында, оның ішінде еңбек адамның жанында болуға бағытталған. Еңбек адамдарын құрметтеуге арналған бүгінгі жоба — солардың бірі, — деп атап өтті ол.

Өз қызметінің үздіктерін қоғамдық комиссия тандады.

Бас марапатқа еңбек ардагері, Бұқар жырау ауданының құрметті тұрғыны Несібелді Досанова ие болды. Ол 17 жасында сауыншы болып жұмысқа кірісіп, 40 жылдай еңбек етті. Көпбалалы отбасында үлкендердің бірі болып, бес баланы өзі өсірді. Бүгінде Несібелді апаның 11 немере мен 16 шөбересі бар. Ұзақ өмір сүрген ана көптеген марапаттарға ие болған. Ол екі «Еңбек Қызыл Ту» ордені ең құнды марапат деп санайды.

«Ерен еңбек иесі» номинациясын кенші, «Шахтер данқы» иегері Нұрлан Сәтмағамбетов иеленді.

— Ұлы Отан соғысы кезінде менің әжем шахтада жұмыс істеп, көмір өндіріп, ерлердің енебегін өз мойнына алды. Әскерден кейін училищеде оқып, «Стахановская» шахтасында жұмыс істей бастадым. Міне, 36 жылдан бері жер астында еңбек етіп келемін. Қазір Түсіп Күзембаев атындағы шахтада бригадала түрлі ұлт өкілдерінен құралған 37 адам жұмыс жасайды, — деді лауреат.

«Ержүрек құтқарушы» номинациясында құтқарушы Мағарби Бұзырқаевты атап өтті. Қарағанды қаласының №10 өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары тұрғын үйлерге жақын орналасқан кәсіпорында газ цистернасының жарылысы кезінде өртті сөндіруге бастылық етті. Ошақтан 53 газ баллоны шығарылды. Желел және кәсіби өкпелердің арқасында адам өлімінің алдын алу мүмкін болды.

Марапатталғандар арасында білім беру, мәдениет, полиция қызметкерлері, Еріктілер лигасының жетекшісі бар. Мысалы, теміртаулық педагог Вячеслав Варзин өз қаласында бірінші болып балаларға робот техникасын үйретіп, информатикадан авторлық бағдарлама мен физикадан ғылыми-әдістемелік кешен әзірледі. Республикалық және халықаралық жарыстардың жеңімпаздарын тәрбиеледі.

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің 20 жасар студенті, болашақ сәулетші Арина Бекпаева мектептен бері волонтерлікпен айналысады. Ал Қарағанды тәжірибесі негізінде «Адал азамат» жобасы ел бойынша кең көлемде насихатталатын болады.

ДИҚАНҒА ҚОЛДАУ,
ШАРУАҒА КӨМЕК БЕРСЕ ИГІ

Көктемнің хабары білінісімен Жетісу диқандары әдеттегі тіршілігіне асыға кіріседі. Биыл да өңірдегі егінмен айналысатын шаруашылықтар қыр басында қызу жұмыс бастап жатыр. Ал аймақтағы ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабын 510,7 мың гектарға жеткізу жоспарланып отыр екен.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
Жетісу облысы

Облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, жоспар бойынша көктемде 247 мың гектар жер жыртылады, 127 мың гектар сүдігердің ылғалы жабылады, сонымен қатар 137 мың гектар өткен жылғы көпжылдық шөптер мен күздік дақылдар тырмаланады, жалпы 374 мың гектар жаздық дақылдар себіледі. Оған қажетті 52,1 мың тонна жаздық ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымы толық көлемде даярланған, оның 31,6 мың тоннасы дөңді дақылдар, 9,5 мың тоннасы майлы дақылдар, 0,6 мың тоннасы азықтық дақылдар және 10,4 мың тоннасы картоп тұқымы болмақ.

Тынайтықшымен қамту жұмысы да қарқынды екен. Қазірге дейін 5 мың тоннаға жуық минералды тынайтықтар сатып алынды. Қоймаларда 1,3 мың тонна минералды тынайтықшы бар. Осы жылы тынайтықшытарды субсидиялауға 2,7 млрд теңге бөлінген.

— Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы 510,7 мың гектарға жеткізіледі деген жоспар бар. Соның 295,3

мың гектар — дөңді және дөңді-бұршақты дақылдар, 89,7 мың гектар — майлы дақылдар, 6,8 мың гектар — картоп, 8,9 мың гектар — көкөніс-бақша дақылдары, 97,3 мың гектар мал азығы дақылдары себіледі. Ал қант қызылшасын қант зауыттарының өндірістік қуатын ескере келе, 2025 жылға жалпы 12,2 мың гектарға егеміз, яғни өткен жылдан 1,5 мың гектарға кем себіледі. Жалпы, осы алқаптан 550,0 мың тонна қант қызылшасын аламыз деп межелеп отырмыз. Жоспарланған қант қызылшасын себуге 17,1 мың себу бірлігі көлемінде тұқымы Көксу қант зауыты және «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы арқылы қамтамасыз етілетін болады, — дейді облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдаулет Кененбаев.

Әрине, ауылдағы шаруаға бүгінде көмек пен қолдаудың қай түрі болса да артық етпес еді. Бұл бағыттағы жұмыс баяу болса да жүріп жатыр екен. Мәселен, көктемгі егіске дайындық аясында «Аграрлық несие корпорациясы» 104 шаруашылықтан 3,0 млрд теңгеге өтінімдер қабылдап, бүгінде 35 шаруашылыққа 942 млн теңге несие беріпті. Жалпы, облыста агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін субсидиялау бойынша мемлекеттік қызмет түрлері 100 пайыз электронды форматта субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, былтыр өңірде 11 мемлекеттік қызмет түрі бойынша аталған портал арқылы 15 183 өтінім түсіп, мемлекеттік қызметтер көрсетілген екен.

Сол сияқты былтырдан бастап «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша несиелеу жұмысы Amanatnesie.kz порталы арқылы жүзеге асырылуда. 2024 жылы осы порталға 2,6 млрд теңгеден астам сомаға 342 өтінім енгізілген. Алайда биыл жетісулықтар «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша берілетін қаржыға қол жеткізе алмаймыз ба деп алаңдайды. Дерекке сүйенсек, 2024 жылы бағдарламаны іске асыру үшін ел бойынша 100 млрд теңге қарастырылған екен. Алайда республикалық бюджет мүмкіндіктеріне сәйкес микрокредит беру мақсатында 8 облысқа, оның ішінде Ақмола, Алматы, Қызылорда, Түркістан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарына бар болғаны 20 млрд теңге берілді.

Айтпақшы, Жетісуға зауыттарға өткізілген қант қызылшасына берілетін субсидия толық төленді. Облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, қант қызылшасы бойынша субсидиялауға 679 өтінім түскен. Соған сәйкес, шаруаларға субсидия толық көлемде төленді. Сондай-ақ Ақсу және Көксу қант зауыттары қабылдаған қант қызылшасы үшін шаруа қожалықтарына 8,4 млрд теңге төледі.

— Біз Ақсу, Көксу зауыттарына қант қызылшасын өткізгенбіз. Бүгінгі күні екі зауыт та шаруашылықтарымызбен тиесілі есеп айырысып болды. Қазіргі кезде басым дақылдарға берілетін субсидияны алдық, соның арқасында көктемгі дала жұмыстарына дайындық жұмысы қызу жүріп жатыр. Жалпы, көктемгі егіске қажетті техникаларды жөндеу жұмыстарын осыдан бір ай бұрын бастағанбыз. Қазір егістік алқаптарға керекті тұқымға тапсырыс беріп қойдық. Біз жыл сайын қант қызылшасын кем дегенде 100 гектар жерге себеміз. Биыл да қант қызылшасын, жүгері, майбұршақ сияқты бірқатар дақыл егуді жоспарлап отырмыз. Көктемгі дала жұмыстарына жеңілдік бағам берілетін жанар-жағармай алатын қаржымыз да дайын, — дейді Көксу ауданындағы «Кең дала» шаруа қожалығының басшысы Қалибек Алпысбаев.

Жалпы, былтыр Жетісу облысында қант қызылшасының егіс алқаптары 13,7 мың гектар болды. Одан жалпы 635,0 мың тонна өнім алынды, орташа өнімділігі гектарына 465,0 центнерден айналды. Алынған өнімнің 5 мың тоннасы мал азығына бағытталса, 630 мың тоннасы зауыттарға өткізілді, оның 560 мың тоннасы таза салмақты құрады.

«Бір тал кессең, он тал ек» дейді қазақ даналығы. Бабадан балаға жеткен осынау өсиеттің өміршеңдігін жоймай, жылда көктем шыға көшет отырғызу науқаны басталатыны белгілі. Соңғы жылдары тіпті түрлі жобалар жанданып, қалалар мен ауыл-аймақтарды көріктендіріп, тал-дарақтарды отырғызуға қазынадан қыруар қаржы қаралуда. Алайда бюджеттен миллиондаған теңге бөлінгенімен, отырғызылған жас өскіндердің өспей қалуы жанға батып тұр.

КӨШЕТТІҢ КӨПТІГІ ЕМЕС,
КӨКТІГІ КЕРЕКСаятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Иә, қазір көшеттің көптігі емес, көктігі керек. Мәселен, Жамбыл облысында «2021-2025 жылдары ормандарды молықтыру және молайту туралы» кешенді жоспарға сәйкес, 140,8 миллион дана ағаш көшетін отырғызу көзделген. Облыс әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау бөлімінің бас маманы Гүлмира Жабағиеваның айтуынша, орман қорын молайту мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету 15 орман шаруашылығы мекемесіне бекітіліп берілген екен.

— Бүгінде Жамбыл облысындағы мемлекеттік орман қорының жалпы көлемі 4 млн 425 мың гектар болса, оның орман ағаштары көмкерген жерлері 2 млн 313 мың гектарды құрайды. Орман қоры жері облыс аумағының 30,8 пайызын алып жатыр. Жыл сайын мемлекеттік орман қоры аумағындағы 5 000 гектарға жуық жерге орман ағаштары көшеттен және тұқымынан егіліп келеді.

Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, республика бойынша отырғызылатын 2 млрд ағаштың 140 млн түбі 2021-2025 жылдары Жамбыл облысының мемлекеттік орман қорына егілуге тиіс болған. Тапсырманы орындау мақсатында соңғы төрт жылда 94,7 млн түп ағаш егілді. Ал биыл 16,1 млн көшет отырғызу көзделуде.

Еліміздің аумағын жасыл баққа айналдыруға бағытталған кешенді шара 2021 жылдан бері етімізділігін көрсетінуіне байланысты жоспар 2027 жылға дейін ұзартылды. Бұл өз кезегінде орман қорын молықтыру жұмыстарының дер кезінде және ауа райының қолайлы уақытында, орман екпелерін отырғызу жұмыстарының сапалы орындалуына мүмкіндік береді, — дейді Гүлмира Рысқалдықызы.

Бұдан бөлек, жыл соңына дейін «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында қосымша 200 мыңға жуық көшет отырғызылады деп күтіліп отыр екен.

Әрине, бұл — жанға жылу беретін ақпарат. Алайда аталған көшеттердің қанша өніп, қанша қурап кетіп жатқаны белгісіз. Себебі өңірдің ауа райына байланысты егілген жас өскіннің 60 пайызы өніп шықса, «қанағаттанарлық» деген баға беріледі екен. Ал қалған 40 пайызға кеткен ақшаны есебін шығарып жатқан ешкім жоқ. Желге ұшты, құмға кетті. Жылы жабылды.

Тараз қаласында да соңғы жылдары көгалдандыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Әсіресе, ықшамауандар мен саябақтардың аумағын жасыл желекпен көмкеру қарқын алды. Мәселен, «Жасыл белдеу» бағдарламасы аясында 2024 жылы 20 гектар жерге 20 мың тал көшеті егілген. Бұдан бөлек, Санжырық батыр, Тәуке хан көшелеріне, «Женіс», К.Рысқұлбеков, Т.Рысқұлұлы атындағы саябақтарға, Ы.Дуңкентулы атындағы қалалық Мәдениет үйінің маңайына, «Қазақ хандығы» монументіне, «Үшбұлақ» каналының жағалауына, Темір-жол вокзалы, «Қуғын-сүргін құрбандары», «Арбат» скверлеріне, «Денсаулық», «Атшабар» аллеяларына жалпы саны 6 мыңға жуық әртүрлі ағаш отырғызылған.

Бұл жұмыстар өз жалғасын тауып, биыл да 20 мың түп ағаш егілмек. Қаланы көгалдандыруға жауапты «Жасыл Ел-Тараз» ЖШС-ның агрономы Жасұлан Молдабаевтың айтуынша, аталған тал-дарақтар «Қызылабад» алқабының аумағына отырғызылмақ. Оның 10 мыңы көктем айларында, қалған жартысы күз мезгілінде егіледі деп жоспарланып отыр екен.

— Бұдан бөлек, көктем-құз айларында қылқанжапырақты талдар — карағай, арша, тікенекті, сібір шыршалары, шығыс және батыс бозаршалары отырғызылады. Олар Айша бибі, Тәуке хан көшелерінің, Теміржол вокзалы және «Арбат-1, 2, 3» скверлерінің, «Үшбұлақ-2» каналы жаға-

лауының, «Қазақ хандығы» және «Біз біргеміз» монументінің, облыстық оналу орталығының, сондай-ақ қаланың Бас жоспарына сәйкес белгіленген аумақтардың ажарын ашады. Ал жайпақ жапырақты ағаштардан — шаған, қарағаш, терек, сәнағаш, үйенкі және сібір алмасы егіледі. Олар Абай даңғылы, С.Сейфуллин, Д.Шостакович, Н.Әбішев көшелері мен «Бөйтерек», «Арай» және «Ұлы дала» шағынаудандарын көк желекпен көмкерді. Осылайша, жалпы саны 6 мыңға жуық ағаш отырғызу жоспарда тұр, — дейді агроном.

Сонымен қатар наурыз-сәуір айларында 60 мыңға жуық раушан мен өзге де сәндік гүлдер көне шаһардың көркін кіргізеді деген ойла.

Бұл деректерді оқыған адам Таразды көк желек көмкерген иранбағы ретінде елестетірі сөзсіз. Алайда жылда егілетін бұл көшеттердің де өніп шығуы көңіл көншітпейді. Отырғызылған жасыл желектердің жыл өтпей қурап, көктей солуына қатысты Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков та күні кеше өткен аппараттық жиында сала мамандарының жұмысын сын тезіне алды.

— Жылда көшет егеміз. Алайда оларды суғарып, күтіп-баптауға келгенде сала мамандары салғырттық танытуда. Қаланың ауа райы мен жер жағдайын ескермей, тал-дарақтар еге бересіздер. Бұл дұрыс емес. Біздің Ботаника институты мен келісілген мәмілеміз бар. Міне, осы институт мамандары айтқан ағаштарды отырғызу керек. Биыл карағай мен арша ағаштарын ескіресіздер. Оның орнына 1 сұрыпты 3-4 жасар, өнімділігі жоғары көшеттерді отырғызу керек.

Қаладағы көгалдандыру жұмыстарына қазынадан 2,2 млрд теңге бөлінді. Бұл аз ақша емес. Сондықтан көшет отырғызу жұмыстарына жауапкершілікпен қарау керек. Күні кеше Қайрат Рысқұлбеков атындағы саябақта былтыр егіліп, қурап кеткен ағаштарды көрдім. Осы ағаштардың орнын сапалы көшетпен ауыстыру керек. Осындай ағаштар қурап тұрған орындар аз емес. Барлығын алмастыру қажет.

Наурыздан бастап екі айлық сенбілік науқаны басталады. Осы екі айда барлық мәселе оңтайлы шешілуі керек, — деген қала әкімі жауаптылардың басынан сипалмалы.

Егілген жас көшеттердің қурап кетуіне қатысты «Жасыл Ел-Тараз» ЖШС мамандары сан ылғауды алға тартып отыр. Олардың сөзіне сүйенсек, қалада көлік саны көбейіп, содан шығатын түтін көшеттерді солдырып тастап жатқан көрінеді. Көк түтін мен ыстық ауа райының салдарынан карағай, арша, шырша секілді желектердің 30 пайызға жуығы «өліп» кетуде. Ал жайпақ жапырақты ағаштардың бейімделу деңгейі жоғарырақ. «Олардың 90 пайызы «тірі» қалады», — дейді мамандар.

Бұдан бөлек, агроном Жасұлан Молдабаев қала тұрғындары, әсіресе жастардың көкжелекке жанашырлықпен қарап, қамқорлық танытпайтынына қынжылысын жеткізді. Бойына қуаты енді тарап, тамыры жана қатайып келе жатқан көшеттерді сындырып кететін тентектердің тірлігіне қалапалған маман ата-аналардың бұл тұрғыда тәрбиелік жұмыс жүргізуі қажет екенін айтады.

Әрине, есік алдындағы жасыл желекке шелек су құюға ерінетіндер бар екені жасырын емес. Алайда «битке өкпелеп, тонды отқа жағуға» өсте болмайды. Оған қоса, бұл жұмыстарына «Жасыл Ел-Тараз» мекемесінің мамандары жалақысын алып отыр. Сондықтан сыныққа сылтау іздемей, жүктелген жұмысқа жауапкершілікпен қараған жөн. Ертен «сен салар да мен салардың» кері келіп, сан соғып отырмайық. «Судың да сұрауы бары» секілді, қазына қаржысын да оңды-солды шашуға жол берілмеуге тиіс. Осыны сала мамандары санасына құйып, биылға бөлінген миллиондаған қаржыны мақсатты жұмсайды деп сенеміз.

27 АҚПАН 2025 | БЕЙСЕНБІ



Қазақ әдебиетіндегі тағы бір шығарма желісімен кинотуынды жарыққа шықты. Ол – «Болмаған балалық шақ». Бұған дейін ақын, жазушы Ақберен Елгезектің бала өмірін суреттеген кітабы оқырман арасында кең таралып, қазақша бестселлер қатарына енген еді. Одан кейін қатарынан үш бірдей театрда спектакль қойылып, қалың көрерменге ерекше эмоция сыйлағаны тағы бар. Ендігі кезек кинотеатрға келді.

Фильмнің режиссері – Айдын Сахаман. Айтуынша, шынайы тағдырды көрермен жүрегіне жеткізу үшін бала Ақберенді 700 үміткердің ішінен таңдап алу оңай болмады. Режиссер бұл кітаптағы бір адамның емес, халықтан шыққан жиынтық образ екенін айтты. Кино өнердің бір түрі болғандықтан, заңдылығына сәйкес шығармада айтылмаған ой, қосылған тұстар болды. Фильмнің ерекшелігі де – осы. Оқырманға белгісіз күйінде қалған кей жағдайды киноға

тұсауы кесілгені отырған киноны отбасылық кино санатына жатқызып өтім, – делі режиссер Айдын Сахаман.

Кітапсүйер қауым үшін «Болмаған балалық шақ» туындысы жат емес. Әкесінен ерте айырылып, нағашыларының қолында тәрбиеленген, кейіннен өгей әкенің қысымын көріп өскен бүлдіршіннің тағдыры, есейіп атамекеніне оралса да көңілі анаға деген сағыныштан құлазып тұратын шағы еріксіз көзге жас үйіреді. Осындай қиын тағдыр оқырманға әсерлі шығарманың тууына себеп болған болар. Осы оқиға желісімен жазылған фильмнің алғашқы сценарийінде автор Ақберен Елгезектің өзі де болған. Алайда автор фильмге түскісі келмегенін атап өтті.

– Фильмнің сценарийінде өзім болған сахналарды кесіп тасталды. Өйткені түскім келмеді. Бірақ содан кейін кино жұп-жұмыр, түсінікті болып шықты деп ойлаймын. «Болмаған балалық шақ» шығармасы жарыққа шыққаннан кейін көп хат алдым, спектакль қойылды. Бірақ көрермен өзіне керек жауапты фильмнен алады. Өйткені

кино – толыққанды түйінделген шығарма. Бұл шығарма – басымнан өткен шынайы тағдыр, кейіпкерлері өмірде болған, әлі де бар адамдар. Негізі, бұл кино режиссердің шығармасы, Айдын Сахаманның «Болмаған балалық шағы». Спектакльді қойған үш режиссерге де айтқанмын, бұл жердегі «Болмаған балалық шақ» – өздерінің туындысы. Әркім әрқалай көреді, түсінеді. Қысқасы, «Болмаған балалық шақтың» жалғасы – осы кино.

Алдағы уақытта үлкен кеңістікке шығамыз деген ой бар. Қазір бір романым дайын, соны жарыққа шығару жоспарымызда тұр, – дейді Ақберен Елгезек.

Фильмнің тағы бір ерекшелігі жанрында екенін айта кеткен жөн. Өгей әкеден көрген зұлымдық пен ашы жұдырық, анасын сол «бужейдан» қайтарып алу күресі мистикамен суреттеліп, бір тағдыр ерекше бояумен бейнеленген. Режиссер айтқан 700-ге жуық баланың ішінен озып шығып, бала Ақберенді сомдайтын жас актер Шәкәрім Алмасбек 5-сыныптың оқушысы. Бір қызығы, аталмыш шығармаға негізделген фильмде басты рөлді ойнайтынын достары да, мұғалімдері де білмейді. Жас талант «кино жарыққа шыққаннан кейін өздері көреді» дейді.

– Кастинг ашық жарияланды. Бағым жанып өткеніме қуандым, әрине. Кейін кино жұмысына қызу кірісіп кеттік. Түсірілім барысында мен үшін физикалық та, психологиялық та ең қиын сахналар болды. Кей сахна таңға дейін жалғасты. Бұл – жарыққа шыққалы жатқан алғашқы үлкен жобам. Бұған дейін эпизодтық рөлдерде, түрлі бейнеклипте бой көрсетіп едім. Айтпақшы, менің осы киноға түскенімді ұстаздарым, сыныптастарым білмейді. Кастингтен өткенімнен ата-анам мен туысым ғана хабардар болған. Өскенде әлемге танымал актер болғым келеді, – делі Шәкәрім.

Фильмнің жабық көрсетілімінде қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар және бірқатар зиялы қауым өкілдері жиылды. Көпшілік «Болмаған балалық шақтың» экрандағы нұсқасына жоғары баға берді. Жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Роза Мұқанова мұндай әсерлі туындыны жазу үшін сондай тағдыр иесі болу керек деген ойының астарында Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шағы» оқырман үшін де, әдебиет үшін де ерекше туынды болғанын жеткізді.

– Адамның өзінде жеке тағдыр болмаса, бұндай дүние тумайды. Автобиографиясы жоқ адамнан ақын да, жазушы да шықпайды. Сондықтан бізді тебірткен, жан дүниемізге ерекше әсер еткен «Болмаған балалық шақтың» казак киносына, казак әдебиетіне келген керемет туынды деп айтамын. Алғашқы дүниенің бірден проза болып, спектакльге айналып, одан кейін кинотуындыға айналуы – шығарманың бекер емес екені. Мықты шығармалар ғана осындай өнердің әр жанрына айналады, – деп баға берді жазушы Роза Мұқанова.

«Болмаған балалық шақтың» тұрақты оқырманы көбеймесе, азаймайды, енді осы тағдырлы шығарманың желісімен түсірілген драмалық фильмнің әр сәтінен көрермен бір түйін шығаратыны сөзсіз. Айта кетейік, фильм бүгіннен бастап барлық кинотеатрда көрсетіледі.

«ОТБАСЫ БЕРЕКЕСІ» КІТАБЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Күні кеше ұлттық академиялық кітапханада белгілі қоғам қайраткері Оразқұл Асанғазының жаңа еңбегі көпшілікке таныстырылды. «Отбасы берекесі» аталатын туынды ұлттық дәстүр мен рухани жаңғыруды дәріптейді.

Кітаптың тұсаукесер рәсіміне Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп, қоғам қайраткері Светлана Жалмағамбетова, қоғам қайраткері Сайлау Батырашұлы, филология ғылымдарының докторы Кәрімбек Құрманалиев және бірқатар зиялы қауым қатысты.

Қаламгер өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып қазақ отбасындағы тәрбиенің маңызы, ата-ана мен ұрпақ арасындағы сабақтастық, сондай-ақ отбасылық берекені сақтау мәселелерін жан-жақты қарастырады. Кітап 3 тараудан тұрады. Әр тарауы отбасы құндылықтарына, ұрпаққа берілетін тәрбиеге негізделген.

– Бұл кітапты жазуда әр қазақ отбасының босағасы кең, шаңырағы биік болсын деген ниетті мақсат тұттым. Сондай-ақ әр шаңыраққа пайдасы тисе екен. Бір кезде жас келіншек



менің жас отбасыға айтқан ақыл-кеңесімді тындап ажырасу райынан қайтқанын айтты. Осындай шынайы оқиғалар да менің «Отбасы берекесі» кітабын жазуға түрткі болды. Отбасында ер мен әйелдің орны бала үшін маңызды. Ер адамның баласы алдында үш міндеті бар: жақсы ана табу, жақсы есім қою және жақсы тәрбие беру. Ұлттық құндылық насихатталатын, отбасылық ортадағы рухани бірлікті арттыруға ықпал ететін туынды оқырманға ұнайды деп үміттенемін, – делі Оразқұл Асанғазы.



Жиын барысында жиылған қонақтар автордың еңбегіне қатысты пікірін айтты. Қоғам қайраткері Әділ Ахметов «Отбасы берекесі» туындысын жас отбасы үшін таптырмас кітап екенін атап өтті.

– Бұл кітапты ең бірінші жастар оқуы керек. Жақсы мақсатқа ұмтылып жүрген жастарға көбірек қажет. Автордың өзі жастарға үлгі. Жастарға арналған кітап болғандықтан, ене мен келіннің орны, балаға қандай ана болуы керек дегендей түрлі кеңес айтылады. Бір деммен оқылатын кітап екен. Кітапты жазу кезінде автордың ізденісі байқалады, көп отандық ғалымдардың еңбегіне үнілген. Оны оқымау мүмкін емес, – деп баға берді Ә. Ахметов.

Алқали жиынға келгендер кітаптың қоғам үшін маңызы екенін талқылап, ойларын ортаға салды. Іс-шара соңында қонақтар Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның Қазақ оркестрінің дирижері Нұрлан Бекеновтің орындауындағы күйді тындап, тарқасты.

Бетті дайындаған
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



кіріктірген Айдын Сахаман мен сценарий авторы Ефрат Шәріпов өрбіген оқиғалар легін жазушының өзінен сұрап алғанын алға тартты.

– Киноның басынан аяғына дейін жаздың да, қыстың да көрінісі бар. Осылай ұзақ уақытты қамтыған фильмнің түсірілімі де бірнеше айға созылды. Кастингке еліміздің түкпір-түкпірінен талантты балалар қатысты. Ішінен суырылып шыққан осы екі жігіт: Шәкәрім Алмасбек пен Нұртілек Жарылқасын. Шығармашылық процестің қызық болғанын мойындау керек. Өйткені барлығы – кәсіби, елге танымал әртістер. Ал кішкентай балалармен жұмыс істеген, әрине оңай емес. Бірақ балалардың ойыны сәтті шықты деп ойлаймын. Оған көрермен бағасын бере жатар. «Болмаған балалық шақ» спектакльде сол өнердің заңдылығы бойынша қойылған болса, фильмде киноөнердің заңдылығымен қойылды. Меніңше, біздің елде мұндай тағдырлар өте көп. Сондықтан

Кітапсүйер қауым үшін «Болмаған балалық шақ» туындысы жат емес. Әкесінен ерте айырылып, нағашыларының қолында тәрбиеленген, кейіннен өгей әкенің қысымын көріп өскен бүлдіршіннің тағдыры, есейіп атамекеніне оралса да көңілі анаға деген сағыныштан құлазып тұратын шағы еріксіз көзге жас үйіреді.

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баи Жанзақ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4563
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Өлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,